

ҚАРАҒАНДЫ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ
ВЕСТНИК
КАРАГАНДИНСКОГО
УНИВЕРСИТЕТА

ISSN 0142-0843

ТАРИХ. ФИЛОСОФИЯ
сериясы
№ 3(67)/2012
Серия ИСТОРИЯ.
ФИЛОСОФИЯ

Шілде–тамыз–қыркүйек
1996 жылдан бастап шығады
Жылына 4 рет шығады

Июль–август–сентябрь
Издается с 1996 года
Выходит 4 раза в год

Собственник РГП на ПХВ

Карагандинский государственный университет
имени Е.А.Букетова

Бас редакторы — Главный редактор

Е.К.КУБЕЕВ,

академик МАН ВШ, д-р юрид. наук, профессор

Зам. главного редактора

Х.Б.Омаров, д-р техн. наук

Ответственный секретарь

Г.Ю.Аманбаева, д-р филол. наук

Серияның редакция алқасы — Редакционная коллегия серии

Б.Е.Колумбаев,
Ж.С.Сыздыкова,
К.С.Алдажуманов,
В.В.Евдокимов,
Р.М.Жумашев,
З.Г.Сактаганова,
В.В.Козина,
Б.Г.Нуржанов,
С.Б.Булекбаев,
В.С.Батурин,
А.Т.Акажанова,
Б.А.Амирова,
О.С.Сангилбаева,
А.Н.Жумагельдинова,
Л.К.Шотбакова,
Р.Ш.Сабирова,
З.Х.Валитова,
Г.М.Смагулова,
А.Н.Муканова,

редактор д-р филос. наук;
д-р ист. наук (Россия);
д-р ист. наук;
д-р ист. наук;
д-р ист. наук;
д-р ист. наук;
д-р ист. наук;
д-р филос. наук;
д-р филос. наук;
д-р филос. наук;
д-р психол. наук;
д-р психол. наук;
PhD (Франция);
канд. ист. наук;
канд. психол. наук;
канд. социол. наук;
канд. ист. наук;
ответственный секретарь
канд. ист. наук

Редакторы *Ж.Т.Нұрмұханова*
Редактор *И.Д.Рожнова*
Техн. редактор *А.М.Будник*

Издательство Карагандинского
государственного университета
им. Е.А.Букетова
100012, г. Караганда,
ул. Гоголя, 38,
тел.: (7212) 51-38-20
e-mail: izd_kargu@mail.ru

Басуға 26.09.2012 ж. қол қойылды.
Пішімі 60×84 1/8.
Офсеттік қағазы.
Көлемі 15,5 б.т.
Таралымы 300 дана.
Бағасы келісім бойынша.
Тапсырыс № 822.

Подписано в печать 26.09.2012 г.
Формат 60×84 1/8.
Бумага офсетная.
Объем 15,5 п.л. Тираж 300 экз.
Цена договорная. Заказ № 822.

Отпечатано в типографии
издательства КарГУ
им. Е.А.Букетова

Адрес редакции: 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28

Тел.: (7212) 77-03-69 (внутр. 1026); факс: (7212) 77-03-84.

E-mail: vestnick_kargu@ksu.kz Сайт: <http://www.ksu.kz>

© Карагандинский государственный университет, 2012

Зарегистрирован Министерством культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан.
Регистрационное свидетельство № 1131–Ж от 10.03.2000 г.

МАЗМҰНЫ

ТАРИХ

<i>Мұқанова А.Н.</i> Түркітік этнолингвистикалық «шағатай» терминінің пайда болу тарихы	4
<i>Ем Н.Б.</i> АҚШ пен Қазақстандағы корей диаспорасы: кейбір ұқсастықтар.....	13
<i>Каженова Г.Т.</i> Қазақстанның қазіргі тарихындағы казактар қауымдастығы	21
<i>Садықова Р.О.</i> Трумэн әкімшілігі тұсындағы американо-жапон әскери-саяси одақтастығының қалыптасуы.....	27

ФИЛОСОФИЯ

<i>Рақымжанов Б.К.</i> Шәкәрім дүниетанымындағы затшылдық ғылым дегеніміз не?.....	33
<i>Сағатова Ә.С.</i> Тарихи санадағы рухани ізденістер	39
<i>Ханнанова Т.Р.</i> Қызметкердің іскерлік мәртебесі Ресей Федерациясының модернизациясының факторы ретінде: философиялық-құқықтық аспектілер.....	46
<i>Томашевская Л.И., Мусина Г.А.</i> Экономика философиясы және құнның жалпы теориясы ..	51

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Әмірова Б.Ә., Плеханова Е.А.</i> Тұлғаның қатал өмірлік арақатынастағы жағдайларын ақылдылықпен жеңу	59
<i>Сабирова Р.Ш., Петухова Н.А.</i> Экзистенциалистік бағыттағы психологтардың жұмыстарындағы «уақыт» категориясының мазмұны...	67
<i>Түлебаева А.Б., Құрбанов Р.К.</i> Отбасылық қатынастардың психосоматикалық аурулардың пайда болуына ықпалы	74

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ

<i>Сүйінова А.С., Газизов Т.Ж.</i> Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм және лаңкестік: 2011 жылғы ивент-талдау.....	82
---	----

«ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ: САЯСАТКЕР, ТҮЛҒА, ПАТРИОТ» АТТЫ Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА АРНАЛҒАН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ МАТЕРИАЛДАРЫ

<i>Сақтаганова З.Ф.</i> Д.А.Қонаев және Қазақстан шекараларының өзгеру мәселелері.....	92
<i>Адамбек Б.К.</i> Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуындағы Д.А.Қонаевтың рөлі.....	98
<i>Бейсенбекова Н.А.</i> Қазақстанның Поляк Халық Республикасымен экономикалық және мәдени байланыстары (1970–1980 жж.)	104

СОДЕРЖАНИЕ

ИСТОРИЯ

<i>Муканова А.Н.</i> История становления тюркского этнолингвистического термина «чагатай» ..	4
<i>Ем Н.Б.</i> Корейская диаспора в Казахстане и США: некоторые параллели.....	13
<i>Каженова Г.Т.</i> Казачество в современной истории Казахстана.....	21
<i>Садықова Р.О.</i> Формирование американо-японского военно-политического союза в период правления администрации Трумэна	27

ФИЛОСОФИЯ

<i>Рақымжанов Б.К.</i> Предметные науки в мировоззрении Шакарима.....	33
<i>Сағатова А.С.</i> Духовные поиски в историческом сознании.....	39
<i>Ханнанова Т.Р.</i> Деловая репутация работника как фактор модернизации Российской Федерации: философско-правовые аспекты.....	46
<i>Томашевская Л.И., Мусина Г.А.</i> Философия экономики и общая теория стоимости.....	51

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПСИХОЛОГИИ

<i>Амирова Б.А., Плеханова Е.А.</i> Взаимосвязь преодоления трудных жизненных ситуаций с осмысленностью жизни личности	59
<i>Сабирова Р.Ш., Петухова Н.А.</i> Содержание категории «время» в работах психологов экзистенциального направления.....	67
<i>Түлебаева А.Б., Құрбанов Р.К.</i> Влияние семейных отношений на возникновение психосоматических заболеваний	74

Трибуна молодых ученых

<i>Суинова А.С., Газизов Т.Ж.</i> Религиозный экстремизм и терроризм в Республике Казахстан: Ивент-анализ 2011 года	82
---	----

МАТЕРИАЛЫ КРУГЛОГО СТОЛА «ДИНМУХАМЕД КУНАЕВ: ПОЛИТИК, ЛИЧНОСТЬ, ПАТРИОТ», ПОСВЯЩЕННОГО 100-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ Д.А.КУНАЕВА

<i>Сақтаганова З.Ф.</i> Д.А.Кунаев и проблемы изменения границ Казахстана	92
<i>Адамбек Б.К.</i> Роль Д.А.Кунаева в социально-экономическом и культурном развитии Казахстана	98
<i>Бейсенбекова Н.А.</i> Экономические и культурные связи Казахстана с Польской Народной Республикой (1970–1980 гг.).....	104

Шотбақова Л.К., Өскембаев Қ.С., Смағұлова Г.М. Д.А.Қонаев дәуіріндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі: тарих беттерінен 110

Смағұлов Н.Б. Д.А.Қонаевтың басшылығы тұсындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайы..... 116

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР 123

Шотбақова Л.К., Ускембаев Қ.С., Смағұлова Г.М. Общественно-политическая жизнь Казахстана в эпоху Д.А.Кунаева: страницы истории..... 110

Смағұлов Н.Б. Социально-экономическое и общественно-политическое развитие в Казахстане в период руководства Д.А.Кунаева 116

СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ..... 123

А.Н.Мұқанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: arna.nm@mail.ru)

Түрктік этнолингвистикалық «шағатай» терминінің пайда болу тарихы

Мақалада түрк этнолингвистикалық «шағатай» терминінің шығу тегі тарихын анықтаған ресейлік түркітанушылардың мәліметтері зерттелді. Ресейлік түркітанудың негізін салған жетекші мамандардың зерттеулер нәтижелері талданды. Сондай-ақ отандық шығыстану тарихы үшін аталмыш тақырыптың зерттеудегі мәселелері мен болашағы анық қойылған.

Кілтті сөздер: түркітану, этнолингвистика, антропоним, «шағатай» сөзі, шағатай ұлысы, диалектика, түркі тілдері, Орта Азия, араб тілі, өзбек тілі.

Бұл ғылыми мақаланың мақсаты — ғылыми әдебиеттерде қолданыста бар түрктік этнолингвистикалық терминнің пайда болу тарихын түркітанушылардың зерттеулері арқылы анықтауға әрекеттену.

Ғылыми қолданыста бар «шағатай» сөзінің тарихы өзіндік қызығушылықты туғызады, себебі атау әдеби, түсіндірмелік сөздіктерде берілмеген, және де кейбір, арнайы түсіндірмелік анықтамаларда да (этникалық атауларды және терминдерді білдіретін) жоқ [1]. Бұндай әрекеттердің орын алуына себеп болған жағдайларға тоқталатын болсақ, кейбір түркітанушылардың терминнің басшы атынан өндірілгенін көріп сақтықпен қарағанын көреміз, әсіресе ресей түркітанушылары мұндай тақырыптарды өзіндік ерекше деп санаған. Сондай-ақ «шағатай» атауы және тілі жөнінде ең бір құнды зерттеулерді ұсынған кеңестік ресей түркітанушыларының бірі Г.Ф.Благова, *шағатайлық* сөзінің пайда болуын басшы атауынан алу, *өзбек* атауы сияқты этнолингвистикалық терминді басшы атынан алу сияқты орынсыз деп санаған. Сонымен қатар бұл екі атаудың осы тұрғыдан бір қатарда кездесетіні де бар.

Генетикалық жағынан антропониммен байланысты сөз үшін, оның лексикалық және құрылымдық мағыналарынан басқа, нақты әлеуметтік-мәдени мағынасы ерекше маңызға ие болады, дегенмен мұндай жағдай, өзіндік тарихи жағдайларда орын алып, екінші орындағы мағына ретінде көрініс табады. Әрине, *шағатай* сөзінің дамуын зерттеу үшін тарихи жағдайлардың ескерілгенін ойдан шығармаған жөн, солардың негізінде «шағатай» антропонимі өзінің мазмұны жағынан дамып отырған.

Зерттеліп отырған жағдайда, сөздің мағынасын өзінің шығу тегі жағынан, яғни шағатай антропонимін монғолдыққа қаратып, нақты Шыңғыс ханның екінші ұлы деп, бірінші мағынасы деп атаймыз, оның иелігіне түркі халықтардың негізінен шоғарланған Мауераннахрдың (қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстанның бір бөлігі), Жетісудің және Шығыс Түркістанның аймақтары қараған. Монғолдық және түрктік дәстүрлерде және де тарихи шындықпен бұл жерлер жиынтығы «Шағатай ұлысы» деп аталып, монғолдық антропоним иегерілді.

Бұл сөздің Орта Азия түрктік тілдеріне енуі түркі тілді халықтарда рулық немесе тайпалық бөлшектерді оның ру басы (немесе басшысы) атымен атау принципінің таралуының қолға алынуына түрткі болса керек. Сөйтіп, түркі тілді негізде зерттеуге алынып отырған *шағатай* атауы *біріктіруші, рулық* негізде екінші мағынасы қалыптасып, енді тек қана, ұрпақтары ғана емес, сонымен қатар Шағатай ханды қоршаған жақын ортасымен қолдаушылары және сарай қызметкерлері де қабылдай

бастаған. Бастапқы уақытта бұл атау оны қабылдаушылардың қоғамдағы артықшылығын [2; 43–44] білдірген. «Шағатай» сөзін әдетте рулық атау ретінде мәні бар, тікелей бір адамның атына тіркеу кейінгі дәстүрлердің бірі ретінде дәлелденген, мысалы XV–XVI ғғ. ширектерінде түркімендер арасында Ибраһим Шағатай, Хасан Али Шағатай дегендер белгілі болған. Мұндай әдіс XX ғасырдың 20-жылдарына дейін топонимдік атауларда да кездескен, мысалы, Аvez-мат-шағатай (Хорезм округының Шават ауданы) атты патронимдік мағынадағы тұрғылықты жер. «Шағатай» сөзін рулық атау ретінде қолдану негізінен этнонимдік қызметте іске асырылғанына саяды.

Біртұтас мемлекет шеңберіндегі Шағатай иелігі ұзаққа бармады, біртіндеп шағатай ұлысы екі бөлікке: Мауераннахр және Моғолыстан (Жетісу және Қашғар) болып, нақты XVI ғ. тіркелді [3]. Ал *Шағатай* атауын Мауераннахр иеленді. Мұнда монғол кезеңінен кейін де түркі жерінде Шағатай атауымен байланысты династиялардың дәстүрлері қызмет етуін тоқтатпады. Дәстүр қызметінің күші, көп уақыт бойы Темір әулетінің мауераннахрлық билеушілердің билігінде сұлтандық, өз заңдары мен құқықтарын бекітуге деген құштарлықтарымен түрті болып отырған; олардың соңынан ерген кейінгі сұлтандар өз шығу тектерін Шағатай хан арқылы Шыңғыс ханға дейін көтеру әрекеттері байқалған. Бұл әрекеттің нышанын Захир ад-дин Мухаммед Бабыр руының генеалогиясынан көруге болады (XV–XVI ғғ. ширектері). Бабырдың анасы Құтылық Нигар ханым Жүніс ханның екінші қызы, яғни Жүніс хан Шыңғыс ханның екінші ұлының ұрпағы, яғни Шағатай ханның... Әкесі жағынан Бабыр Темір ұрпағы, яғни Омар Шейх Сұлтан Абу Са ид мырзаның төртінші ұлы, ол Сұлтан Мұхаммед мырзаның ұлы, ол Миран шах мырзаның ұлы, ол Темірдің үшінші ұлы, кейінгі ресми генеалогиялық таратуларда Темірді де Шыңғыс ханның ұрпағы деп көрсеткен: «Монғол дәстүрінің иесі ретінде Темір Шыңғыс хан үйі туыстығына орасан зор мән берген». Сөйтіп, Темуридтер өздерін Шағатайлықтардың тікелей және тура ұрпағы ретінде санаған; сондай-ақ 1370 жылы соңғы Шағатайлық өлтіріліп Темір Лэнг билікке келгеннен кейін де бүкіл ел Шағатай ұлысы деп аталуын тоқтатпаған [4].

Шағатай сөзі атауын XIV ғасырда кейін де мемлекеттік-аудандық мағына түрінде қолдану және топонимдік тұрғыдан пайдалану сол бұрынғы, кеңінен тараған екінші мағынасымен байланысады, бұл мағына Мауераннахрдың өзіндік ерекше тарихи жағдайына қарай пайда болып, бүкіл Орта Азиядан асып таралды. Бұл жерде *шағатай* сөзін ерекше тарихи-мәдени комплексті атау тұрғысынан қарастырып отырмыз. Нақты осы комплекс атауымен XV ғасырда пайда болған «шағатайлық түркілер» ұғымы байланысты, яғни Мауераннахрдың «әскери кастасы ретінде кейбір мүмкіншіліктерге ие болған көшпелі тұрғылықты халқын ғана емес», жалпы Мауераннахр түркілерін осылай атаған (Шағатай ұлысы атауымен).

Айтылып кеткен тарихи-әлеуметтік факторлардан басқа, бұл тарихи-мәдени комплекс XIV ғасырдың орта шенінде орныққан мынадай белгілерді қалыптастырған, мысалы, Шағатай ұлысы территориясының ортаазиялық ядросын; уақыт өте отырықшылықтың белгілерін сезіндірген күшейіп келе жатқан қоғамдық тұрмыс (дегенмен, осыған қарамастан, «шағатайлық түркілер» асқан ұқыптылықпен бұрынғы көшпелі дәстүрлердің сыртқы салтанатты жоралғыларын сақтауды жалғастырған) [5], мұндағы белгілі мәдени-қоғамдастық «шағатай тілі» және Темір сұлтандары айналасында қызмет еткен сарай ақындарының «шағатайлық әдебиетін» еске түсіреді [6].

«Шағатай» сөзінің түркі тілдеріндегі семантикалық тұрғыдан дамуының екінші сатысына көшетін болсақ, келесі мағыналық градациясымен байланысады, яғни сөзді этнонимдікке жақын мағынасында пайдалану (дегенмен, сөзді осылай пайдалану, екінші қызметімен қарама-қайшылыққа түскені белгілі, осы тұрғыдан, Н.А.Аристов бойынша сөз тайпа атауынан кең мағынада, тіпті «интернационалдык» қоғамдастық тұрғысынан берілген), ал, екінші жағынан, оның топонимге енуі де белгілі. Н.А.Аристов бойынша, *шағатай* сөзін топонимдік тұрғыдан пайдалану оның «этнонимдік» қызметімен ескерілген [2; 151]. «Шағатайлық» тарихи-мәдени комплекстен көптеген ғасыр бойы Мауераннахрдың тұрғылықты халқының санасында оның тұрмыстық өмірімен біте қайнасып, *шағатай* сөзі этноним мен топонимге терең сіңіп қалған, бірақ В.В.Бартольдта *шағатай* термині Мауераннахрдың көшпелі немесе көшпеліктен сақталған дәстүрлерді атау үшін пайдаланғанына қарамастан, мұнда Шағатай ұрпағы хандары қалмаған уақыттың өзінде атау өз күшін жоймағаны, кейін Темір династиясының басшыларымен Үндістанға қуылып, бірақ нағыз Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде Шағатайдан бастау алатын хандық династияда «шағатай» термині болмаған қызық жағдайлардың бірі екенін атап кеткен...» [7; 11,12]. Бұл жағдай «шағатай» сөзінің даму мағынасының тікелей түркі жерінде пайда болғанының дәлелі. Тіпті, Шайбан хан әскері Темір ұрпағы мемлекетінің соңғы сарқыншағын қиратып, шағатай атауының қандай да бір әлеуметтік

негізін жойған кезде, ел «Шағатай ұлысы» деп аталудан қалған еді, түркілер мен тәжіктер — отырықшы тұрғылықты халық «өзбек басқыншыларына» «қарсылық» көрсетіп, өздерін өзбектерге қарсы «шағатайлық халық» деп атауын жалғастырған [8]. Нақты, осы уақытта, яғни XVI ғасырдың басында, Мұхаммед Салих шағатай елі атауын қолданған. Ұзақ уақыт бойы отырықшыларға көшпелілерді қарсы қою өзекті болып, шағатай атауы бірқатар ортаазиялық халықтарда және олардың оңтүстіктегі көршілерінде пайдаланылып, олардың этнонимдеріне әр түрлі деңгейде ене бастаған.

Мысалы, XVII ғасырдың бірінші жартысында Хиуа хандығында Шағатай өзіндік этникалық бірлік болды. А.Вамбери басты отыз екі тайфелердің ішінде «Шағатайды» атаған [9]. XX ғасырдың 30-жылдарына дейін шағатайлықтар өзбектердің басқа руларының өкілдерімен (барластармен — бір қызығы, бұларда, шығу тегі жағынан монғолдық) бір қыстақта (Дашнобод қ. Сурхандария облысы) тұрып, өз ерекшеліктерін қатал сақтаған, мәселен, өзара тобының ішінде некелесіп, Дашнобод қыстағы шағатайлық және барластық деп екіге бөлінген; сондай-ақ шағатайлықтар сол уақыттардың өзінде өз ауылдастарынан антропологиялық жағынан және жоғарғы мәдениетімен, шаруашылығымен ерекшеленген. Жалпы, көпке дейін шағатайлықтар деп өздерін Өзбекстанның оңтүстік және батыс аудандарының өзбектері мен тәжіктері атаған [10; 14–19], жергілікті халықтың түсінігінде бұл өзіндік атау оны қолданушылардың тіліне қарамастан, этникалық бірлікті емес, тарихи-мәдени комплексті білдірсе керек [10].

Солтүстік Ауғанстанда да тәжік-шағатайларының болғаны мәлім. Иранның оңтүстік-батыс бөлігінде шығу тегі түркі(-ік) тайпаларынан бастау алатын тұрғылықты этностардың бірін шағатайлар деп аталған. Н.А.Аристов және Н.Г.Маллицкийдің хабарлауларына, Үндістанның Арго және Делидің шеткі аймақтарында бірнеше мың адам өздерін шағатай тайпасына жатқызған, олар, шамалап қарағанда, бабырлық (бабуридские) шағатайлар болса керек; шығу тегі Мауераннахрлық (XVI ғ. басы), Үндістанды жаулап Ұлы Монғол империясын құруға қатысқан топ өкілдері деп айтылады. Ал түркімендердің шағатай-куллар деп аталатын руларының бір бөлігі — XV ғасырда Темір дәуіріндегі түркімендер орналасқан шағатайлық арлат тайпасынан қашқан өкілден бастау алған [11]; XX ғасырдың бірінші жартысына дейін әр түрлі тайпаларда шағатай атауымен аталған рудың болғаны айқын. Сондай-ақ Алатау аймақтық басқармасының 1865 жылғы тізімі бойынша қазақтың Бопай руы құрамының шағатай деп аталған бөлігінен 1722 киіз үй саналып алынған [12].

Шығу тегі түркі жерінен бастау алатын «шағатай» сөзінің семантикалық дамуы жөнінде жиналған мәліметтер, сондай-ақ әдебиеттердегі этнографиялық мәліметтер «шағатайды» XIII ғасырдағы Шыңғыс хан ұрпақтарын білдіретініне монғол ру-тайпаларының атауы деп қарастыруға мүмкіндік бермейді [13]. Сондай-ақ Шағатай атауының «үшінші» орында немесе этнонимикалық тұрғыдан пайдаланған мағыналарын, яғни шағатай атауының монғол дәуірінен қалған ру ретіндегі «жиынтық атауын» түсіндірме түрінде пайдаланған дұрыс емес. Бұл сұрақты шешу үшін, беделді авторлардың айтқандарын негізге алу, сөздің шын мағынасын талдау арқылы шешуге кедергі болуы мүмкін; мәселен В.В.Бартольдт: «XIV ғасырдың басында *шағатай* сөзі ортаазиялық Монғол мемлекетін атау үшін ресми түрде пайдаланған» [14],— деп айтқан. Шын мәнісінде жаулап алынған халықтармен монғолдардың этнолингвистикалық ассимиляцияға түсуі Шыңғыстық Газан хан заманымен байланысты: «Монғол жерінен менің атам, Гулагу хан келгеннен бері екі, үш ру замандары өтті, енді біздерден кейін дүниеге келетін монғолдар өз тілдерін, сөздерін, жерлерін, ұрпақтарын білмейтін болады» [15],— деген.

Ортаазиялық топонимикада «шағатай» сөзінің бекуі оның аймақтық-мемлекеттік мағынадағы қызметінің, кейде «этнонимдік» қызметінің негізінде пайда болған. Шағатай атауымен тұрғылықты жерлердің атауы: Өзбекстанда Ташкент облысына қарасты Янгиюль ауданында, Самарқанд облысының Митан ауданында, Оңтүстік Хорезмда (Қыят-Шават ауданында), Бұқара округының Қаракөл ауданында екі тұрғылықты жер, Урта-Зеравшан округының Хатырчи және Қара дария аудандарында, Самарқанд облысының Митан ауданында Дам-Шағатай, Юкары-Шағатай, Шағатай-бони сияқты тұрғылықты жерлері анықталған. Ескі Ташкент микротопонимикасында: Шағатай-тепе, Шағатай-чакар, Шағатай-Янги-шаар, қалалық қарпа: Шағатай-дарваза, жер атауларынан: Шағатай Биль-тепа, Шағатай Қара-камыш, Шағатай Сор-кичар сияқты атаулар кездескен [16].

Шағатай атауы, дәстүрлі тарихи орталығынан аймақтық-мемлекеттік және тарихи-мәдени атау ретінде, неғұрлым алшақ тараған сайын топонимикалық тұрғыдан пайдаланылуы соғұрлым бөлектеніп, әрі сирек қолданылатын болған. Шағату және Шағатай топонимдері ретінде (бұл атаулар «тай тобы атауына жатады») Иранның солтүстік-батыс бөліктерінде кездескен [17]. Тарихи «Шағатай

ұлысының» солтүстік-батысында «Бұғұлма уезінің Самарқанд губерниясында Шағатай» ауылы кездескен, Туваның Танды ауданында Шағатай көлі орналасқан. Зерттеушілер тым шалағай, екі бөлек орналасқан топонимдерді жеке-жеке зерттей келе, тарихи контекстен бөлек, Орта Азиядағы осы сияқты топонимдерді ескермей-ақ, монғолдық ескілікке, яғни Шағатай ханның «тікелей атымен», байланыстырады, дегенмен, бұл жерде антропонимнің мағыналық дамуының екінші немесе үшінші градациясы ұсынылған болу керек. Сондай-ақ мишарлық Шағатай топонимі әлдеқайда өзінің алғашқы тар мағынасынан шығып қалған ескі антропонимнің этнонимдік пайдаланылуына сүйенсе керек.

Сөйтіп, бұрынғы «шағатай» антропонимінің көп мағыналығы бірден емес, біртіндеп тарихи түрде қалыптасты. «Шағатай» сөзі енді алғашқы пайдаланылуынан қол үзіп, Орта Азия тарихының бір бөлігіндегі жеке белгі болып қалды [18; 13]. «Шағатай» сөзі осы сияқты мағынасының шарттылығынан біртіндеп қол үзіп, неғұрлым шынайы көп мағыналығына ие бола бастады: сөйтіп, этноним мен топонимге біртіндеп терең бойлап, ал «Шағатай ұлысы» күйреуінен хронологиялық жағынан алыстауы және де Темір әулетіндегі ұрпақтары «шағатай» сөзінің идеологиялық мағынасын жоя бастады, осыған байланысты оның полисемантикалық шарттылығы біртіндеп ұмытыла бастады.

Орыс және түркі халықтары аралық көп ғасырлық әр түрлі, әрі тығыз жағдайлардағы байланыстар *шағатай* сөзінің орыс тіліне бірнеше рет ауызша түрде енуіне алып келген. Алғашқы уақытта сөз орыс тілінің ішінде бірнеше фонетикалық нұсқалармен ұсынылған, бұл атаулар түпнұсқа сөздің дыбыстық мәнін білдірді, тіпті XV ғасырдағы бір ғана жазбада сөз: «чеготандық жер», «чeboтaйлық жер», «чеготайға жол жоқ» [4; 14,25,36] деп бірнеше нұсқаларда берілген. Ақсақ Темірдің шығу тегі жөніндегі аңыз деректе оның иеленген жерлерінің ішінде: «чагадай, хорусани...» [19] аталған. Сондай-ақ XV ғасырдың орта шеніндегі Троицк-Сергиев лаврының мұрағаттық деректерінде: «Чеготай/Чеадай» [20] деген адам аттары ұшырасқан. Сөйтіп, сөздің орыс тілінде фонетикалық өзгерісі оның консонантизмі мен вокализміне әсер етпей қоймай, тек қана алғашқы дауыссыз дыбыс өзгеріссіз қалған, сөз ертедегі орыс тіліндегі жазбаларда «ч» әрпімен берілген. XV ғасырдағы (немесе біршама ерте уақыттарда) орыс-түркі халықтары аралық ауызекі байланыстарда сөздің алғашқы әрпінің «ч»-мен берілуі түркі тіліндегі сөз екенін нақты білдірген.

Сөздің орыс тіліне тән емес алдыңғы тілдік «дж» аффрикатасымен берілуі біршама кейін пайда болған: бұл нұсқа орыс тіліне Шығыстан кітап тілімен, сонымен қатар Батыстан енген. Мұндай түрдегі, яғни «Джагатай», атауы орыс тілінде XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейін сақталған, мысалы: «Ета полоса земли, обитаемая татарами, называется Азиятскою Татариею или Джагатаем, и разделяется на 1) северный Джагатай... 2) южный Джагатай... и 3) восточный Джагатай или Малую Бухарию» деген мәлімет бар. Енді Джагатай/Чагатай сөзін тірі орыс тілінде топонимикалық тұрғыдан пайдалану мүмкін болмады. Бір қызығы, XV ғасырдың орта шеніндегі орыс ұлты өкілдерінде «Чегодай» немесе «Чеадай» сияқты адам аттары кездескен, сондай-ақ сөз ресми құжатқа антропоним ретінде, мысалы: «1589 жылдың 10 маусымындағы Федор Иванович патшаның грамотасында Иван Чеадаев» жөнінде айтылған, атақты фамилиядан жазушы-философ Петр Яковлевич Чаадаев» шыққын [20, 30]; XIX ғасырдың 20-жылдарында Чаадаев — Чадаев/Чедаев [21] деп, әр түрлі оқылып жүрген. Бертін Чаадаевская, XX ғасырдың басында Пенза губерниясында Чагадаев сияқты фамилиялар кездескен.

Отандық тарихнама мен түркітануда зерттеуге алынып отырған кірме сөз өзінің екінші мағынасында тұрақтап, жаңа түркі тілінде Мауераннахр тарихындағы (XIII–XVI ғғ.) нақты бір кезеңді және ортаазиялық түркі жазба тілінің дамуын білдіретін, архаикалық көнеге айналды. Жалпы, сөздің жаңа туындылары саны жағынан көптігімен ерекшеленбеді, егер Чагатай/Джагатай сияқты антропонимдерді мысалға алмасақ, атау чагатайлықтар/джагатайлық, кейде чагатайлық/джагатайлық [22] сияқты сын есімдерден тұрады, аз ұшырасатын таза кітаптық сын есімдер: чагатайлық (орыс тілінде: чагатаей)/джагатайлық (орыс тілінде: джагатаец) (мысалы: П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойловичта), чагатаизм (Ф.Е.Коршта), чагатаистика (А.К.Бобровковта) және де ескірген окказионалды, яғни XX ғасырдың 20–30 жж. пайда болған: чагатаистер, чагатаистический.

Көп нұсқалы кірме сөздің терминологиясы фонетикалық унификациясын білдірді. Ал XIX ғасырда орыстың кітаптық тілінде нық бекіген *джагатай* шығыстанушылардың еңбектерінде сөздің түркілік айтылуын шынайы жеткізу қажеттілігі туындағанда *чагатай* нұсқасымен алмастырылып отырған. Үсті-үстіне әсер етіп отырған орыстың ауызша дәстүрінің ықпалымен чагатай/джагатай нұсқалары бір автордың еңбектерінде қатар пайдалануға алып келді. Термин нұсқаларының саны

шамадан тыс көбейіп кетуін ғалымдар әр түрлі жолдармен шешуге әрекеттенді. В.В.Бартольдт «чагатайдың» дұрыс жазылуы нұсқасын мойындағанмен, орыс түркітанушыларын «орыс әдебиетінде нық бекіген» келісімді «джагатай» (туындаған) [7; 11] нұсқасын пайдалануға шақырған. Түркітану үшін маңызды этникалық және мәдени терминдерге үлкен мән берген Ф.Е.Корш «чагатай» [23] деп оқылуына қатысты пікірін білдірген. XIX ғасырдың соңындағы орыс түркітануында чагатай/джагатай нұсқаларын лексикалық-семантикалық жасанды жолмен бөлектендіруге деген әрекеттерді көреміз (Н.А.Аристовтың жұмысынан көреміз). Ол «джагатайды» бірінші мағынадағы (монғолдық жеке адам есімі) кірме сөз етіп, екінші мағынасындағы атау (Джагатайлық ұлыс, джагатайлықтар, джагатайлық [диалект]) — түркілік айтылуы орыс тіліндегі берілуінен асқан айырмашылықпен берілмегендіктен, қауіптену қажеттілігі туындамаған: пайдаланудағы сөз жаңа түркі тілдерінде сирек ұшырасатын архаизм болып саналды; сондай-ақ дауысты аффриката анлаута тек қана кітаптық дәстүрмен бекіп отырған. Автор чагатай деп оқылуын үшінші орында этнонимикалық, топонимикалық қызметтегі мағынасы деп, мағыналық градацияға ұшырағанға дейін негізінен түркі тілдес халықтардың тіліндегі айтылуын жеткізу тұрғысынан қажетті деп санаған. Н.А.Аристовтың бұл әрекеттерін жақтап, жалғастырушылары да болды.

Шын мәнісінде, бұл әрекеттер бұл сөздердің мағыналық ерекшеліктерісіз орыстың кітаптық тілінде екі мағынаның да сақталуына ықпал етті.

Лингвистикалық пуризм тұрғысынан бұл терминнің үшінші бағыттағы отандық түркітанудағы дамуында кірме терминнің түркі тілдеріндегі айтылуынан және де тірі орыс тіліндегі жеткізілуінен фонетикалық қалыпты... унифициаланған термин ретінде чагатай нұсқасы таңдап алынған (сондай-ақ батысеуропалық, әсіресе немістік терминологияның, нық бекіген *Saghatai* нұсқасының ықпалы болуы мүмкін). Бұл бағытты бастап қолдағандардың бірі А.Н.Самойлович болды, ол 1914 жылдан бұл нұсқаны пайдалана бастаған ғалым XX ғасырдан түркітануда басталған этнолингвистикалық терминдерді ретке келтіру процесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, жиі бұл процестегі прогрессивтік тенденцияны алдын ала сезіп, қолданыста жүрген терминнен оны ауыстыруға ұсынылып отырған перспективті терминді көре біліп, біріншісінен бас тартуға мойынсұнған [24] (бұндай жағдай тек қана «чагатай» терминімен ғана емес, сонымен қатар *түріктік*, *түркілік*, *османдық* сияқты терминдермен де болғаны айқын). XX ғасырдың 20–30 жж. отандық түркітану мен алтайтану тілдерінде нық орнаған *чагатай* терминімен *джагатай* нұсқасын біртіндеп ығыстыруды байқаймыз. Жаңашыл түркітану *чагатай* нұсқасын көптен бері пайдаланып келеді, бірақ терминді тілге қатысты қолдану, пайдаланудағы әдістер, хронологиялық тұрғыдан пайдалану, мағыналық түсіндіруі, әлі күнге дейін бір анықтамасы табылмаған мәселе болып қалып отыр.

Сонымен, «чагатайлық тілі» ғалымдармен ойлап табылған термин емес, олармен қолдану үшін алынған термин. Көпке дейін түркітанушы-ғалымдар терминнің «дұдамалдығын», «көмескілігін», шарттылығын, белгілі бір уақытшалық ерекшеліктерін айтып келген. П.М.Мелиоранский терминнің жоғары да айтылған барлық кері аспектілерін көре отыра (шарттылығын да, автор үнемі тырнақша ішінде көрсеткен), бұл термин әзір ыңғайлы, сондықтан да кеңінен таралған деп, барлық шығу тегі мен тілі әзір, нақты анықтауға келмейтін XIII–XVIII ғғ. түркілік ортаазиялық шығармаларды «джагатайлық» деп атаған. Сөйтіп, П.М.Мелиоранский «джагатайлықты» осы тілдегі барлық қолжазбалар жарық көріп, зерттелгеннен кейін оларды біршама ғылыми жүйеге келтіруге болған жағдайға дейін пайдалануға болатын бастапқы толық емес ғылыми әдіс [25; 161] деп санаған болса керек.

Орта Азиялық түркі тілдері тарихы бойынша маңызды жұмыс атқарылғаннан кейін де, XV ғасырдағы Орта Азия ақындары мен жазушыларының мәтіндеріне, нақты «XV ғасырдағы мәтіндердің өзара диалектикалық айырмашылықтарына» қатысты күрделі жағдай [26] анықталды. Сондай-ақ барлық шағатайлық қолжазбалардың ғылыми жүйелік және ғылыми тілдік талдауы әлі күнге дейін аяқталған жоқ, әлі күнге дейін осы жазба ескерткіштерде кездесетін грамматикалық түрлер каталогы, олардың сөздік құрамы анықталмаған.

Түркі тілдері тарихы мен олардың тарихи диалектологиясы сияқты маңызды мәселелерді өңдеу жағдайына қарамастан, XX ғасырдың 30-жылдарында бірқатар ғалымдар «шағатайлық» терминінен үзілді-кесілді бас тарқан. Бас тартуға себеп болған, шағатайлыққа «Шағатай гурунги» ұлттық тобының буржуазиялық-шовинистік қызметі нәтижесінде екінші рет берілген идеологиялық мәнге деген реакциясы болатын. Бірақ бұл топтың «шағатаизм» идеясы, оның ішінде өлі «шағатай тіліне» оралу ойы арта қалған еді. Себебі жаңа өзбек тілі асқан дамушылықпен іске асып жатқан жағдайда, «шағатаизм» ешқандай шынайы қауіп тудыруы мүмкін емес. Ешқандай жас не орта жасатағы

түркітанушылармен «шағатай» термині көптен бері ұмыт болған «Шағатай гурунгиларымен» ассоциацияға түскен емес. Осы екінші идеологиялық мән осы жолы толықтай жойылды деп санаған.

«Шағатай тілі» терминінен түбегейлі бас тартаудың екінші бір жағы «өзбек/ескі өзбек тілі» терминнің кеңінен таралуы, бір қызығы, «жаңашыл өзбек тілі — XIV–XVI ғғ. классикалық шағатай әдебиеті мен шағатай тілінің тікелей жалғасы» болып табылды. «Ескі өзбек тілі» термині ескертулермен Орта Азияның күрделі этнолингвистикалық тарихына терең бойлай бастады (мысалы, «өзбек» сөзі шығу тегіне қарамастан, XV–XVI ғғ. мағынасын қазіргі уақыттағысымен байланыстыруға болмайды). Белгілі бір уақытта «шағатайлық тілді» Орта Азия территориясындағы бастапқы әдеби тіл, ал «ескі өзбек тілін» жаңа өзбек тілі базасы ретінде көрсету тұрғысынан қарама-қайшы көзқарастарды біріктіру, соның негізінде екі терминді бір жүйеге келтіру жұмыстары жүргізілген. А.К.Боровкин өмірінің соңғы он жылында жалпы «шағатайлық тіл» мәселесін қолдап, ортағасырлық кезең үшін «шағатайлықпен» қоса «ескі өзбек тілі» терминін пайдалануды жөн көрген, яғни «шағатайлық» замандағы (XI–XVI ғғ.) «ескі өзбек тілі» [18; 13]. Сөйтіп, осы сияқты көзқарастарды ескеру «өзбек-шағатайлық (тіл)» (және де біршама ертеректегі осындай түрдегі композита: «түркі-өзбектік (Орта Азиялық)») мағынасындағы компромистік, біріктіруші атауды тудырған болса керек [27].

«Ескі өзбек тілі» терминінің хронологиялық, кеңістіктік тұрғыдан экстенсивті түрде тамыр жаюына «шағатайлық тілді» кеңінен талқылау себеп болды [28], бұл жағдай түркі тілдері тарихының кезеңдестіруге кедергі болды [29]. «Ескі өзбек тілінің» мұндай экстенсивтілігі Өзбекстанның КП (б)-ның X съезінде бекіген принципке қарама-қайшы келгені жөнінде белгілі. Сонымен қатар «ескі өзбек тілі» терминін экстенсивті түрде пайдалануға қарсы жауап ретінде Орта Азия республикасының түркі тілді халықтарының лингвистері мысал ретінде «Бабырнаманы» тілі жағынан жаңашыл өзбек тіліне қарағанда қазақ тіліне жақын шығарма ретінде қарастыру тәжірибесін ұсынған [30; 115,116]. Мұндай жағдайлар өзінің тарихи дамуында жақын араласқа түскен туыс халықтардың мәдениетінің дамуында жиі ұшырасқан.

Кеңес дәуіріндегі біршама түркітанулық жұмыстарда ортағасырлық бір немесе екі тайпаның ғана емес, бүкіл Орта Азияның көптеген түркі тілді халықтарының жалпы жазба-әдеби тіліне жиі назар аударған, себебі бұл, ең алдымен, әдеби тіл болды, ал кішігірім тайпалардың жекелеген жазуларымен шектелу алға қойған мақсатты іске асыруға кедергі болды. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерін классификациялауда шағатайлық (шығыс-түркілік) топты «аудандық-мемлекеттік құрылымдық принципі» бойынша басқалармен бір қатарда қоюға ұмтылыс байқалған [31].

П.М.Мелиоранский XV ғасырдың соңында шағатай тіліндегі әдебиеттің «алтын ғасыры» болып табылатын Орта Азияның тарихи жағдайына қарай тұрғылықты халықтың «әр түрлі диалектілерде сөйлеп, бір-бірімен араласқа түскен этнографиялық әр түрлі түркі халықтарының мекендегенін, нәтижесінде сол уақыттағы түркі жазуына біршама диалектикалық өзгерістердің енгенін» [32; 3] хабарлаған. Бұл диалектикалық әр түрлілік бұрынғы Шағатай ұлысы мен «шағатай тілінің» таралу аймағына терең бойлап, географиялық кеңістікте бұрынғы территориялық белгілеулермен сәйкес келмеді [25; 161].

Ғалымдардың пайымдауынша, ортағасырларда жазба-әдеби тіл халықтың ауызша-тілдік бірлестігінен озып бара жатқанда, ал білімді топтар сөйленістегі тілде не жазуға болатынын санасына жүгірткенге дейін, кітаптық тіл өзінің жасандылығы және архаикалығымен, ескі үлгідегі жазуларға еліктеу арқылы, өзінің жеке өмірін жалғастырған болатын [30; 69]. Көптеген «шағатайлық» жазушылар айналымнан шығып қалған сөздер мен түрлерді өз шығармаларына енгізу арқылы ескі шығармаларға еліктеу, яғни өз туындысының тілін жасанды түрде архаикалық тұрғыдан мәнерлеген, ал зерттеушілер шағатай тілінің негізінен ескі ұйғыр тілін (яғни, қараханидтық-түркілік, қарлұқ-ұйғырлық әдеби тілден) немесе біршама ескі дерегі ретінде Ахмад Есевидің хикметтері жазылған қыпшақ-оғыз тілін көрген [33]. А.Н.Кононов «шағатайлық тілдің шығу тегін Орта Азияның қараханидтік (X–XII ғғ., Қашқар) және алтынордалық (XIII–XV ғғ., Сыр-Дарияның мен Хорезм) кезеңдерінің ескі әдеби тілінің нормалары мен дәстүрлерінен бастау алады деп тұжырымдаған» [34]. Мұнан өткендегі «шағатай» тілінің бір мағыналы байланысы байқалмайды.

Түркі тілдері топтарының ұлттар пайда болғанға дейінгі әдеби тілдерінің дамуы жолында — түрлері жағынан ұқсас болып келуі немесе осы дамудың ғылыми дискуссиялардағы ерекшеліктері жөніндегі пікірлер түркітанушылардың осы салаға деген көңілінің аууына алып келеді. Өзбек әдеби тілінің тарихын кезеңдестіру және де «шағатайлық» тілі мен жаңашыл әдеби өзбек тілінің өзара байланыстарын анықтау үшін абстракциялық әр түрлі деңгейлердегі «әдеби тіл ұғымын тарихи-

мәдени құбылыс» және сол немесе басқа тарихи кезеңдегі «бұл құбылыстың нақты манифестациясы» ұғымы деп қарастыру тәжірибесін ескеру, өте қызықтыраралық... екен.

Жоғарыда жүргізілген зерттеу әдістері қолға алынғаннан кейін, өзбек халықтарының (сол уақыттағы) әр түрлі кезеңдерде мәдени байланыс құралы ретінде әр түрлі «тілдік органдардың» (осы уақытқа дейін пайда болған бірліктермен бастан-аяқ ұқсастығы байқалмайтын, көбінесе диалектілік) пайдаланылғанын түсіндіруге мүмкіншілік туып отыр. Бұл жағдайды түсіндіру жолында жекелеген ғалымдар әрекеттер жасады. Мысалы, Орта Азиялық ескі әдеби тілдер ескі өзбек тілінен бұрын пайдаланылған қараханидтық және алатынордалық тілдер, ал шағатайлық тілді «ескі өзбек тілімен» (XV ғ.) бір қатарда көрсету ұсынылған.

Әсіресе бұл тұрғыдан Т.Салимов: «Біздің республикамыздың тілі мемлекеттік тіл болып тарихи жағдайларға байланысты саналады, бірнеше ғасырлар шегінде өзін түркілік, ұйғырлық, шағатайлық, қыпшақтық, өзбектік деп өз атауын ауыстырған болатын» деген ойын білдірген. Бұған қоса сол немесе басқа тарихи даму кезеңдеріндегі өзбек халықтарының тілінің атауымен бірге тілік орган, мәдени байланысының құралдары тұтастай өзгерген. Мұндай тәсіл біршама шыншыл ақпараттарды алуға өз септігін тигізеді. Себебі, Е.Э.Бертельс айтқандай, проф. Саади Навои өзбек немесе, тіпті, қызық болып көрінетіндей, ескі өзбек тілінде жазған деп көрсету, олар сөйлемеген, сөйлеуі мүмкін емес те жағдайлары аталмыш тәсіл қолға алынғанда керек жоқ болып қалады [35; 455] деген.

Сонымен қатар Т.Салимовтың хабарламасындағы «тілдік органдар» тізбесіне, яғни «әдеби өзбек тілі» сияқты, тарихи-мәдени құбылыс дамуы жолында парсы және тәжік тілдерімен толыққанын ескеру керек. Тарихи даму кезеңдеріндегі Орта Азияның бірқатар түркі халықтарының мәдениетінде екі тіл қатарынан пайдаланылған, бұған байланысты Навоидың «Мухакамат ал лугатайн» еңбегінде: «Түркілердің уәзірлерінен бастап бектеріне дейін сарт тілін меңгерген, бұл тілді күнделікті сөйленісте пайдаланады, сондай-ақ кейбіреулері тіпті қызыл және көркем тілде де сөйлейді. Түркілік ақындар болса, парсы тілінде жарқын өлеңдер мен қызықты әңгімелер құраған» [35; 190] деген мәлімет бар. Навои «Маджалис ан-нафа-ис» еңбегінде түркі ақындарының 90 % парсы тілінде, «ал түркі тілдерін білетіндері де, жиі екі тілді қатарынан пайдаланған» деп жазған, сондай-ақ Навоидың өзі де жас кезінде «екі тілдің білгірі» деген атқа ие болған [35; 27]. Кейін де парсы әдеби тілі Хиуа хандығынан басқа, бұрынғыдай Орта Азиядағы өзбек хандықтарында ресми тіл болып қалған, Хиуа хандығында XIX ғасырдың ортасына дейін тәжік тілі қолданылған. XVI және кейінгі ғасырларда да сарай ақындары мен Бұхар хандығының ақындары өз шығармаларын парсы тілінде жазуды жалғастырғаны белгілі.

Сонымен, өзбектің әдеби тіліне өзбек әдеби тілі тарихын зерттеушілерге тарихи-мәдени құбылыс деп қарау тәсілін қолдау тұрғысынан дәлел болатын мәтіндердің кең екенін ескеріп, қабылдау дұрыс шешім болып саналатынын ескеруі керек. Зерттеушілер алдында түркітанулық көзқарас тұрғысынан парсы (тәжік) тілінде, екі тілде жазылған түркі ақындарының шығармаларын зерттеу мәселесі тұр. Мұндай зерттеулер нәтижелері қолда бар терминологияны сақтай отырып, әдеби өзбек тілі тарихының кезеңдестіруіне енгізілуі мүмкіншілігі бар.

Бұл айтылғандар П.М.Мелиоранскийдің «шағатайлық тілдің өзі ирандық элементтердің ықпалынсыз пайда болмаған» [32] деген пікірімен қоса құнды. Мұндай жағдайдың тууына, бірнеше ғасыр бойы иран-түркіаралық бейбіт көрші қарым-қатынастар тілдік мәдениетаралық араласуларға алып келгені белгілі [35; 72].

Араб тіліне келетін болсақ, аталмыш тілі діни тіл ретінде мұсылмандық діни міндеттерді орындау қажеттілігі бар аудандарға таратылды. Георгийдің айтуы бойынша: «Бұхарлықтардың бірталай өз діни қызметкерлерін иеленгенмен, көпестері араб тілінде тым жеңіл сөйлеген» [36], — деп ерекше атап өткен. Араб тілі ортағасырлық бүкіл ғылыми әдебиеттің негізі болды, тілді білмей мұсылмандық білімділікті түсіну мүмкін болмады [37]. Сәл кейінірек, араб емес түркілерден де араб-мұсылмандық мәдениеттің жетістіктерін қабылдап қана қойғандар емес, сонымен қатар оның дамуына да өз үлестерін қосқандар пайда болса бастады [32]. «Шағатайлық тілге» арабтық сөздердің кеңінен ене бастауына тек қана түркілердің араб тілін игеруі ғана емес, сондай-ақ жанамалық фактор, яғни парсы тілінің арабтық сөздермен молынан шұбарлануы себеп болды [38]. Сондай-ақ Навои шығармаларын, оның замандастары мен кейінгі авторлардың айтуы бойынша, түркі тілі біршама таза түрінде берілген дегенмен, түркітанушылармен қатар ирантанушылар мен арабтанушылардың араласуы қажеттілігі туындайды. Әзір түбегейлі бір ғана Навои тілі грамматикасындағы парсы, тәжік және араб тілдерінің орын алуы зерттеліп отыр.

П.М.Мелиоранскийдің айтуы бойынша, «шағатайлық тілге», бір жағынан, «әр жердегі және әр уақыттардағы сөздер мен түрлердің» [32] араласып енуі, екінші жағынан — «мұсылмандық білімнің» (араб және бірқатар парсы) өзінше енуі, бұл тілді ұлттар пайда болғанға дейінгі көптеген түркі халықтарында мәдени байланыс құралы мақсатында пайдаланудың алғышарттары пайда болған [39]. Осы тұрғыдан өзіндік ерекше «шағатайлық тілді» түркі тілді халықтардың мәдени байланысының құралы деген анықтаманы В.Н.Татищев, сол халықтардан шыққан ғалымдардың айтуы бойынша, алға тартып: «Бұхаралықтар және Астрахан, Қазан халықтарының оқымыстылары шағатайлық тілді татарлық диалектілердегі басты деп санайды...» [40].

Не дегенмен де, сол XV ғасырда А.Навоидың мәдени байланысы құралы ретіндегі стандартты «шағатайлық тілі» немесе түркілердің тілі, қандайда бір көрнекі өзгертулерсіз сол мақсатта XVI ғасырда Шейбани ханмен өзбектерде қабылданды; өзін «шағатайлық тайпаның» өкілі деп санаған Мұхаммед Салих ақын, Шейбани ханның қызметінде жүріп, «Шейбанинаманы» сол Навои мен Бабыр шығармаларының тілінде жазғаны белгілі.

Сөзсіз, ортағасырларда, кейде кейінгі кезеңдерде де пайдаланылған «шағатайлық тіл» Орта Азия халықтарының әдеби тілдерінің және де татар тілінің қалыптасуына зор ықпал еткен, ал, М.Мансуроглының ойы бойынша, ескі анатoliaлық-түріктерінің әдеби тілі XV ғасырға дейін «шағатайлық тілмен» тірі байланысты сақтаған. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, «шағатайлық тіл» ортағасырлық түркілік тілдерге мүмкін болмаған жағдайдың өзінде енуі әбден мүмкін... [41]. Кейбір жағдайларда аталмыш тіл Орта Азиялық түркілік тілдермен, диалектілермен және де XIV–XX ғғ. синь-цзяньдық-ұйғырлық әдеби тілдермен салыстырылуы мүмкін [42].

Жалпы, шағатай тілінің зерттелуінен бұрын ол тілді оқыту, үйрету мәселесі жоғары тұр. Себебі тіл лингвистикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері біршама белгілі, бірақ бұл зерттеулер қорытындылары тілді үйренуге беретін көмегі қаншалықты деген сұрақ туындайды. Ал аталмыш тілді оқи білу, тарихшылар үшін, оның ішінде қазақ тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды. Мысалы, ежелгі, тіпті ортағасырлық түркі тілінде жазылған шығармаларды зерттеген түріктанушылардың сол тілдерге берген бағаларына мән бертетін болсақ, олар түркі, оның ішінде шағатай тілінде жазылған еңбектерге жеке-жеке тарихи ескерткіштерге сияқты қараған. Яғни бірінен кейін бірі жазылған екі еңбекке жеке-жеке ескерткіштерге сияқты қарағандарын айтқан. Мысалы, өз заманның шағатай тілінің маманы түріктанушы П.М.Мелиоранский зерттеуші ретіндегі өзіне берген бағысында байланысты В.В.Бартольдтың «зная тюркские языки и преподавав, он себя чувствовал не историком и не лингвистом, а именно исследователем литературных памятников» деген пікірі, шағатай тілін зерттеу тәселдерін белгілі бір жүйеге келтіру, біршама анықталған жұмыстардың бірі болса керек.

Reference

- 1 Türkological Collection / Ed. Board: A.N.Kononov (exe.edit.), S.G.Klyashtorny et al. — Moscow: Publishing House of Science GRVL, 1972. — P. 167.
- 2 *Aristov N.A.* Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nations and information about their numbers. — St.Petersburg, 1897 // Live old. — 1896. — Vol. 3, 4. — P. 43, 44 (Reprint from the magazine).
- 3 The history of the Uzbek SSR. — T. I.: From ancient times to the middle of the XIX century / Exe.edit. J.G.Gudyamov. — Tashkent: Fan, 1967. — P. 431.
- 4 *Nikitin A.* Hozhenie three sea Nikitin 1466–1472 years. Second edition, enlarged and revised / Ed. VP Hadrian-Peretz. — Moscow-Leningrad: Publishing House of USSR Academy of Sciences, 1958. — 284 p.
- 5 *Samoilovich A.N.* Mongolian-shamanic ritual zavorazhivaniya horsetails at the beginning of the XVI century (Baburov description) // Living Antiquity. — Moscow, 1911. — Vol. 3, 4. — P. 431,432.
- 6 *Petrushevsky I.P.* From the history of Bukhara in the XIII century // Ser. of Oriental Sciences. — 1949. — Vol. 1. — P. 111,112.
- 7 *Bartoldt V.V.* Ulugbek and his time / Zap. Russian Academy of Sciences. — 1918. — 8 ser. — T. 8. — № 5. — P. 11, 12.
- 8 *Borovkov A.K.* Alisher Navoi as the founder of the Uzbek literary language / Collection of articles Alisher Navoi. — Leningrad: USSR Academy of Sciences, 1946. — P. 103,104.
- 9 *Vamberi A.* Journey Through Central Asia: a description of a trip from Tehran through the Turkmen steppes on the eastern shore of the Caspian to Khiva, Bukhara and Samarkand, done in 1863 / A.Vamberi. — St.Petersburg: BI, 1865. — P. 171.
- 10 *Karmysheva B.H.* Some of the data to the ethnogenesis of the population of the southern and western regions of Uzbekistan / Brief reports of the Institute of Ethnography, USSR Academy of Sciences. — 1957. — T. 27. — P. 34.
- 11 *Bartoldt V.V.* Essays on the history of the Turkmen people // Works. — Vol. 2. — Part 1. — Moscow: Publishing House of Science, 1964. — P. 594.

- 12 *Aristov N.* Experience determine the ethnic composition of the Kirghiz-kaysakov Great Horde and Karakirgiz // *Living Antiquity*. — 1894. — Vol. 3, 4. — P. 395–396.
- 13 *Nominhanov T.S.D.* Mongolian elements in ethnonymy and place names of the Uzbek SSR // *Zap. Kalmyk. Niiya*. — Elista, 1962. — Vol. 2. — P. 268–273.
- 14 *Bartoldt V.V.* History of the cultural life of Turkestan. — Leningrad: AN SSSR, 1927. — P. 88.
- 15 *Samoilovich A.* Kratky sketch grammar Mountain Language «Bolkar» / ZVORAO. In 1913. — Vol. 21. — P. 108.
- 16 *Mallitsky N.* Tashkent mahalla and mauza // *Proc. V.Bartoldt — Turkestan friends, disciples and admirers*. — Tashkent, 1927. — P. 108–121.
- 17 *Savina V.I.* The types of derivation of names of Iran // *Toponymy East*. — Moscow, 1964. — P. 151, 152.
- 18 *Borovkov A.K.* Vocabulary Central Asian tefsira XII–XIII centuries. — Moscow: Publishing house: Oriental Literature, 1963. — 368 p.
- 19 *Karamzin N.M.* History of the Russian state. — Vol. 5. — St.Petersburg, 1819. [Elektronny resource] // *Karamzin. History of the Russian State: [site]*. URL: <http://www.bibliotekar.ru/karamzin/index.htm> (date accessed 06/13/2012). — P. 94, 95.
- 20 *Veselovsky S.B.* Toponymy in the service of history // *Historical Notes of the USSR*. — Vol. 17. — Moscow, 1945. — P. 30, 31.
- 21 *Chernyh P.Y.* A note on the name of «Woe from Wit» / *Reports and reports of the Philological Faculty of Moscow State University*. — 1948. — Vol. 6. — P. 46, 47.
- 22 *Yudin V.P.* On the tribal structure and the Mogul moguls Mogulistan and ethnic ties with the Kazakh and other neighboring nations // *Ed. Kazakh Academy of Sciences. Sor. societies. Sciences*. — Alma-Ata, 1965. — Vol. 3. — P. 52–65.
- 23 *Korsch F.E.* Regarding the second article of Professor. PM Melioransky of Turkish elements in the language of «Lay» // *Proceedings of the Academy of Sciences ORYAS*. — 1906. — T. 11. — Book 1. — P. 297.
- 24 *Samoilovich A.N.* Iranian heroic epic in the literatures of Turkic peoples of Central Asia // *Ferdovski (934–1934)*. — Leningrad, 1934. — P.169.
- 25 *Melioransky P.M.* Turkish dialects and literature / In.: F.A.Brockhaus, I.A.Ephron. *Encyclopedic Dictionary*. — T. 34. — St. Petersburg, 1902.
- 26 *Borovkov A.K.* The study of Turkic languages in the USSR // *Problems of Linguistics*. — Ed 10 / Ed. calls.: O.S.Akhmanova, N.Baskakov etc. — Moscow: USSR Academy of Sciences, 1961. — P. 14.
- 27 *Kormushin I.V.* Category causative in the Altaic languages / *Ph. D. thesis*. — Leningrad, 1968. — P. 9.
- 28 *Abdurakhmanov G.A.* Research on old Turkic syntax. — Moscow: Nauka, 1967. — P. 3.
- 29 *Shukurov S.* Current and future verb tenses in written monuments of old Uzbek language / *Ph. D. thesis*. — Moscow, 1960. — P. 4.
- 30 *Musabayev G.G.* Modern Kazakh language. Vocabulary. — Alma-Ata: Kazakh Academy of Sciences, 1959. — 142 p.
- 31 The study of the medieval monuments of Turkic writing (XI–XVI cc.) / *A.Zajaczkowski // Problems of Linguistics*. — 1967. — № 6. — P. 83–89.
- 32 *Melioransky P.M.* Arab scholar of Turkish language. — St.Petersburg: BI, 1900. — 85 p.
- 33 *Artamoshina V.D.* Conditions of formation and some features of the language of the Central Asian poets — the forerunner of Navoi // *Turco-Mongolian linguistics and folklore*. — Moscow, 1960. — P. 7.
- 34 *Kononov A.N.* A valuable work on the old Uzbek language grammar // *Social Sciences in Uzbekistan*. — Tashkent, 1953. — P. 64.
- 35 *Bertels E.E.* Selected Works. — Moscow: Oriental Literature Publishing House, 1960. — 556 p.
- 36 *George A.* Description of the Russian state living people. — Part 2. — St. Petersburg, 1776 / *Sovrem. ed.: A description of all living people in the Russian state, and their everyday practices, usages, clothing, shelter, exercise, fun, faith and other memorability*. — Moscow: The Library of RUSAL, 2007. —P. 64.
- 37 *Bertels E.E.* Nizami. Creative career of the poet / *Cont. edit. B.N.Zakhoder*. — Moscow: USSSR Academy of Sciences, 1956. — P. 70.
- 38 *Bertels E.E.* Persian Poetry in Bukhara / *Literature of the East in the Middle Ages: instructional materials for students.. / Comp. A.Z.Khabibullina*. — Kazan: Kazan state. Univ., 2007. — P. 11.
- 39 *Melioransky P.M.* A brief grammar of the Cossack-Kyrgyz language. — Part 1. — St. Petersburg. Imperial. Academy of Sciences, 1894–1897. — P. 4.
- 40 *Tatishchev V.N.* History of Russia. — T. 1. — Moscow: AST: Ermak, 2005. — P. 240.
- 41 *Blagova G.F., Daniyarov H.D.* By «Turks» of Uzbekistan in their relationship to the language of old Uzbek literature // *Problems of Linguistics*. — Moscow: USSR Academy of Sciences, 1966. — P. 6.
- 42 *Katanov N.F.* Omens and superstitions of the Turks of Chinese Turkestan, on the phenomena of nature // *Collected papers of Professor V.R.Rozena students on the day of the 25th anniversary of his first lecture of 13 November 1872–1897*. — St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences, 1897. — P. 30.

А.Н.Муканова

История становления тюркского этнолингвистического термина «чагатай»

В данной статье исследованы материалы российских тюркологов, изучавших историю происхождения тюркского этнолингвистического термина «чагатай». Проанализированы исследовательские данные ведущих основоположников российской тюркологии, а также их последователей. Автором показана перспектива исследования данной темы для истории отечественного востоковедения.

A.N.Mukanova

History of formation of the Turkic ethnolinguistic term «Chagatai»

This article explores the materials studied the history of Russian origin turkologists. Turkic ethnolinguistic terms «Chagatai». Analyze the research data of the leading founders of the Russian Turkic. An important part of the article is a continuation of the founders of Russian adherents turkologists. And also, put the problems and the prospect of staging the study of the topic in the history of the Fatherland of Oriental Studies.

УДК 63.3 К 40

Н.Б.Ем

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (E-mail: Natalya.Yem@kaznu.kz)***Корейская диаспора в Казахстане и США: некоторые параллели**

В статье исследованы корейские общности в США и Казахстане. Показано, что истории их пребывания в этих странах во многом отличаются, однако в вопросах расселения, адаптации и интеграции в принимающем обществе эти две общности корейской диаспоры имеют некоторые схожие черты. Основными гипотезами данного исследования выступили — в условиях многоэтнического окружения обе диаспоры показали высокий уровень урбанизации, отдано предпочтение предпринимательской деятельности, сохранена этническая солидарность. Автором проведены параллели в данных вопросах адаптации на основе историографической базы, а также данных переписей населения двух стран. Хронологический период рассмотрения отслеживается в 1970–1990-е гг.

Ключевые слова: диаспоры, мигранты, урбанизация, этнические группы, численность населения, иммигранты, этнический бизнес, общий семейный бизнес, собственность.

Сегодня уже можно говорить о том, что современное движение казачества стало чужим даже самим казакам. Об этом свидетельствуют отклики в периодической печати, подобные следующим: «Постоянно используемое в сиюминутных политических целях казачье движение на сегодня сошло уже, по сути, на нет. Действительные потомки казаков разобрались в этом быстро и отошли от столь политизированного движения... Подтверждается это и тем, что немало казачьих лидеров сегодня не казачьего происхождения»; «Если же то, что мы называем сегодня «возрождением казачества», можно поворачивать как угодно, и чаще не во благо людей, а с целью нагнетания обстановки в обществе, его надо или поставить на законную основу, или прекратить вообще. Достаточно уже за эти годы из трагедии казачества, из трагедии дедов наших делали фарс...». Казачество на местах приспособлялось к реалиям гораздо эффективнее, чем казачьи лидеры или те, кто брал на себя миссию вербализации «казачьих потребностей».

В целом историю современного казачьего движения можно разделить на три этапа. На первом этапе — в 1990–1995-е гг. — происходил процесс стихийного возрождения и восстановления казачьих формирований в Казахстане, для которого характерны патриотизм, высокий энтузиазм. Процесс стихийной самоорганизации часто сопровождался столкновениями различных казачьих групп и их борьбой за влияние.

Следующий этап — 1995–2005 гг. — характеризуется становлением казачества в Казахстане. В этот период казачьи структуры проходили официальную государственную регистрацию под видом общественных объединений различного статуса, налаживали всевозможные контакты между казачьими формированиями непосредственно в Казахстане и с казачьими формированиями России и дальнего зарубежья. В первой половине 2006 г. ряд казачьих общественных объединений образовал новый «Союз казачьих общественных объединений Казахстана». В 2008–2009 гг. из данной организации вышли Региональные общественные объединения «Союз казаков Степного края» и «Союз казаков Семиречья», которые функционируют и сегодня. В настоящее время идет период полноценного развития культуры, обычаев и традиций, а также переход к единому руководству единого казачьего формирования в Казахстане, вхождение во власть [12].

Президент республики Н.Назарбаев на вопрос: «Как Вы относитесь к казачеству?» ответил: «Совершенно нормально. Если живущие в Казахстане потомки казаков хотят вспомнить обычаи своих отцов, носить штаны с красными лампасами, вспомнить песни и танцы, которые любили их прадеды, — я не вижу здесь ничего плохого. Но если ко всему этому добавятся, образно говоря, и шашка, и желание помахать ею — я против такого возрождения: зачем будоражить других, задевая их национальное достоинство?» Позже Назарбаев добавил: «Казаки — наши земляки. Пусть они возрождают свои традиции и обряды. Но по законам нашей суверенной республики недопустимы автономизм, экстремизм и территориальные претензии. И в случае их возникновения надо следовать закону».

Общественные организации казаков Казахстана считают себя частью казаков России, их атаманы участвуют в работе Российского казачьего круга. К сожалению, следует отметить, что особенно в современном положении казачьих организаций в России, поиски форм организации казачьих обществ в ряде случаев характеризуются преувеличением исторической роли казачества, идеализацией его прошлого. Кроме того, возникает вопрос о правомерности создания военизированных казачьих формирований, которые традиционно в России выполняли колонизационные и полицейско-карательные функции. Представители казачьих общественных объединений также должны себе отдавать отчет в том, что любые попытки возродить военные традиции казачества всегда будут будоражить память о прошлом, о роли казачества как колонизаторско-карательной силы Российской Империи и, в лучшем случае, вызывать настороженное отношение со стороны казахского населения.

На юбилейном праздновании 140-летия образования Семиреченского казачьего войска, официально проведенном в ноябре 2007 г., Верховный атаман особо подчеркнул, что, несмотря на славу казаков как воинов, сейчас казачество — это больше общественные организации, деятельность которых направлена на сохранение мира, межнациональных отношений и на укрепление дружбы между Россией и Казахстаном. Однако при этом атаман Ю.Захаров отметил, что казаки могут вернуться к прежнему роду занятий — защищать отечество, если в Казахстане, по примеру России, примут закон о казачестве, то казаки снимутся с насиженных мест и образуют станицы в приграничных районах Казахстана. В частности, атаман указал на границу с Китаем, где казаки могут нести службу наравне с регулярными пограничными войсками. Им были приведены прецеденты, как, например, тот, когда семиреченские казаки, выехавшие в свое время в Россию, поселились в заброшенной деревушке на границе с Польшей. Как видим, в данном случае, атаман имеет в виду возрождение казачества как военизированного сословия.

Говоря о возрождении казачества в Казахстане, профессор М.Ж.Абдиров отмечал, что речь может идти только о культурологическом содержании казачества, сохранении его как части русского народа, самобытного фольклора, обычаев, традиций и других общечеловеческих ценностей. Попытки же реставрации его воинского характера противоречат Конституции Республики Казахстан, запрещающей создание не предусмотренных законодательством военизированных формирований [13].

Казаки зачастую превращались в марионеток политических игр. При создании казачьих организаций первоначально выдвигались идеи культурного возрождения забытых традиций и обычаев казаков. Но вскоре, благодаря активным действиям представителей шовинистически настроенных групп казачества, стали доминировать политические требования по разделу Казахстана и игнорированию решений высших органов республики. Все это, включая и негативный опыт общения казаков с властью, спровоцировало негативное отношение к ним. По этому поводу исследователь А.Н.Алексеев отмечает: «Надо помнить, что живут и действуют казаки в Казахстане... В самом деле, слова присяги «Служу России и русскому народу» в Казахстане воспринимаются иначе, чем в Российской Федерации. Да и заявления типа «казаки находятся на своей исторической родине и никуда отсюда уезжать не собираются» в сочетании с требованием служить в российской армии большого энтузиазма у казахов не вызывают» [14].

Как видим, казачество нередко становится объектом политических спекуляций, направленных на возникновение территориальных притязаний в местах исторического проживания казаков и обострение межнациональных отношений. Именно поэтому оставлять без должного внимания «казачий вопрос» в Казахстане опасно. Об этом свидетельствуют слова А.Н.Алексеев, который отмечал: «Каким бы ни было отношение к казакам, они вольно или невольно воспринимаются как защитники интересов русскоязычных. С другой стороны, в случае социального взрыва казачество может объединить разрозненные силы русскоязычного населения. И эти потенциальные возможности нельзя недооценивать» [14].

Вместе с тем следует отметить, что в отдельные моменты нашей истории казаки являли собой яркий пример гибкости и последовательности в сфере межэтнического общения. Казаки, жившие сначала на окраинах казахской степи, а впоследствии переселившись и в саму степь, при длительном совместном проживании с казахами, в силу численного превосходства иноэтнических соседей, ознакомившись с их домашним бытом, кочевым образом жизни и языком, сближались с казахами. Они находили точки соприкосновения с коренным населением, адаптировались к ним и сосуществовали, вольно или невольно интегрируясь с казахским населением на основе взаимодействия и взаимовлияния.

При всей сложности взаимоотношений даже в условиях колониальной системы в отношении казахов и казаков в различных сферах их жизни и быта наблюдалась высокая степень взаимодейст-

вия. Проживавшее в окружении казахов казачье население проявляло высокие коммуникативные способности. Регулярные контакты способствовали зарождению дружественных отношений между казаками и казахским населением. В процессе общения накапливался уникальный богатый опыт совместной жизни, адаптации этносов друг к другу, толерантного отношения к традициям, обычаям других народов. Ярким примером личной дружбы между казахом и казаком являются отношения Ч.Валиханова и Г.Потанина. Эти моменты из истории взаимоотношений казахов и казаков также следует учитывать, прежде чем давать оценку прошлому российского казачества и определять перспективы его будущего. Нельзя ни гиперболизировать значение отдельных драматических страниц истории, ни замалчивать наши многовековые традиции дружбы и братства.

В настоящее время основные требования казачества в принципе не противоречат конституционным основам Казахстана — прохождение молодыми людьми службы в пограничных войсках Казахстана, получение земель, создание казачьих общин. Ставка делается на работу с молодежью, подготовку к службе в армии (в первую очередь на границе). Организуются массовые театрализованные праздники, на которые приглашаются все желающие. Сегодня казаки имеют все условия для возрождения своей культуры и традиций. То, что представители казачьих объединений входят в Ассамблею народа Казахстана — консультативно-совещательный орган при Президенте Республики Казахстан — говорит об официальном признании Казахстаном права на существование казачества. Однако перспективы казачьего движения в Казахстане могут быть связаны только лишь с возрождением социально-хозяйственных и культурных традиций.

References

- 1 *Organbayev N.* Between the past and future. To the situation about the Cossacks in Kazakhstan [Electronic resource] // Free Asia: [site]. URL: //freeas.org/?nid=676&print=1 (Address date 10.05.2012).
- 2 Ural (Yaik Cossack Host (Ural) [Electronic resource] //Official resource of Yaik Cossacks: [site]. URL:// http://www. yaik.ru/rus/commonage/08/ (Address date 11.06.2012).
- 3 *Nazarbayev N.A.* On the threshold of the 21st century. — Almaty: Oner, 1996. — 288 p.
- 4 Electronic collection «Russians in Kazakhstan» [Electronic resource] // Free Asia [site]. URL:// http://kz.ethnology.ru/win/rus-now.html) (address date 10.05.2012).
- 5 Russians in modern Kazakhstan [Electronic resource] // Free Asia [site]. URL://www.liveinternet.ru/ community /kazaki/ (Address date 10.05.2012).
- 6 *Gunkin N.V.* The Cossack fist against expansion of foreigners. — Moscow: Staraya Basmannaya, 1998. — 360 p.
- 7 *Limonov E.* Murder of the sentry (diary of the citizen) [Electronic resource] URL: //http:// www. ulera.net/view/ 55392/14 (Address date 11.06.2012).
- 8 A.B. (anonymous author). For the earth, for freedom! (Riots of Russian Cossacks in Kazakhstan) // Tomorrow. — 1997. — 5 May. [Electronic resource] URL:// http://www.zavtra.ru/content/view/1997-05-0617 coss/ (Address date 11.06.2012).
- 9 *Brusina O.I.* National statehood and «the Russian issue» in Kazakhstan // Ethnical factor in the modern social and political development of Kazakhstan. — Moscow, 1996. — P. 5–13.
- 10 *Guboglo M.B.* Ethno-political situation in Kazakhstan in perception of its citizens // Kazakhstan. Reality and perspectives of an independent development. — Moscow, 1995. — P. 270.
- 11 Ethno-political monitoring in Kazakhstan: Autumn 1995 — Almaty, 1996. — Vol. 1. — P. 35–36 // [Electronic resource] //URL: // http://kazak-center.ru/news/2010-7-1-711-987 (Address date 11.06.2012).
- 12 The time of troubles in Kazakhstan: Cossack informational analytical center [site]. URL:// http://kazak-center.ru/news/2010-7-1-711-987 (Address date 11.06.2012).
- 13 *Abdirov M.Zh.* Conquest of Kazakhstan by the Tsarist Russia and struggle of the Kazakh people for independence (From the history of Cossack military colonization of the region in the end of the 16th — the beginning of the 20th centuries). — Astana: Elorda, 2000. — 229 p.
- 14 *Alekseenko A.N.* East Kazakhstan region: new Cossacks //Scientific reports of Carnegie Moscow Center /Ed. by G.Vitkovskiy and A.Malashenko. — Moscow, 1998. — Vol. 23 (September) //[Electronic resource] //URL: // http://kazak-center.ru/news/2010-7-1-711-987 (Address date 11.06.2012).

Г.Т.Каженова

Қазақстанның қазіргі тарихындағы казачество

Мақалада КСРО ыдырағаннан кейін қазіргі уақытқа дейінгі Қазақстан территориясындағы орыс казактардың қоғамдық ұйымдарының қалпына келтіру процестері қарастырылды. Қазақстанның әр аймақтарындағы казак ұйымдары көсемдерінің ұстанымдары, казак қозғалысының қалыптасу кезеңдеріне сәйкес олардың қойған талаптарына талдау жасалды. Олардың қазақстандық қоғамдағы ұлттар арасындағы қарым-қатынастарға әсер еткені көрсетілді. Қазіргі Казак қоғамдық одақтарының жағдайларына және казак қозғалысының болашағына сипаттама берілді.

G.T.Kazhenova

The Cossacks in the modern history of Kazakhstan

The processes of revival of the public Cossack organizations on the territory of Kazakhstan after disintegration of the USSR and nowadays are considered in this article. The position of the Cossacks organizations leaders in different regions of Kazakhstan, their requirements at various stages of formation of the Cossack movement and their influence on the international relations in the Kazakhstan society are analyzed. The current state of the Cossack public associations and perspectives of the Cossack movements are also characterized.

ӘОЖ 327 (52+73)

Р.О.Садықова

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы (E-mail: raihan_rosa@rambler.ru)***Трумэн әкімшілігі тұсындағы американо-жапон әскери-саяси одақтастығының қалыптасуы**

Мақалада Гарри Трумэн әкімшілігі тұсындағы Жапония мен АҚШ арасындағы әскери-саяси қарым-қатынастардың қалыптасуы қарастырылған. Автор бұл саясатта теориялық негіз болған «коммунизмді тежеу» деп аталған АҚШ-тың сыртқы саяси доктринасына тоқталған. Сонымен қатар Жапония мен АҚШ-тың әскери-саяси одақты орнатуға бағытталған басты құқықтық негізі мен бірлескен әрекеттері жан-жақты зерттелген.

Кілтті сөздер: әкімшілік, «қырғи-қабақ соғыс», оккупация, «коммунизмді тежеу», доктрина, атомдық дипломатия, әскери-саяси одақ, мұхитты аймақ, қауіпсіздік кепілдігі, келісім-шарт, әкімшілік келісім.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа әлемдік тәртіптің дүниеге келуіне ықпал етті. Вестфаль бейбіт реттеуі кезінде қалыптасып, бірнеше ғасыр бойы сақталып келген көпполярлы жүйе орнына АҚШ пен КСРО үстемдік еткен биполярлық әлем тәртібі дүниеге келді. Биполярлық әлемдік тәртіпте «еркін әлемнің көшбасшысы» АҚШ пен КСРО арасында «қырғи-қабақ соғыс» басталды. Бұл соғыстың алдыңғы соғыстардан ерекшелігі АҚШ пен КСРО арасындағы қақтығыс әскери қақтығыс сипатында ғана емес, оның, ең алдымен, идеологиялық сипатта көрініс табуында еді. Сол себепті идеологиялық қақтығыста басымдыққа ие болу үшін екі мемлекеттің басшылығы сыртқы саяси тұжырымдамалардың мазмұнына айрықша мән берді.

«Қырғи-қабақ соғыс» жылдарындағы АҚШ-тың сыртқы саяси стратегиясында КСРО-мен күрес бірінші орындағы мәселе болды. АҚШ кеңестік ықпал үшін қарсы күресте, ең алдымен, әскери одақтастарға сүйенді. Әскери одақтастармен байланыс мәселесі соғыстан кейінгі американдық әкімшіліктің сыртқы саяси тұжырымдамасында көрініс тапты. Осындай тарихтағы ұзақ жылдық тарихы бар, әрі «қырғи-қабақ соғыс» жылдарындағы АҚШ-тың Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қауіпсіздік жүйесінің негізі болған одақ — Жапониямен әскери-саяси одақ еді.

Жапониямен қарым-қатынас мәселесі соғыстан кейінгі кезеңде Американың сыртқы саясатында маңызды орынға ие болды. Американдық басшы Г.Трумэн атомдық дипломатияны жариялай

отырып, өзінің «қырғи-кабақ соғыста» күш тұрғысынан әрекет етуге ұмтылысын байқатты. Трумэн әкімшілігі сыртқы саясатта алдына АҚШ-тың әлемдік ықпалды мемлекет ретінде беделін қалыптастыру және кеңестік жүйеге қарсы күресті бастау ұранын міндет етіп қойды. Алайда американдық басшылық екі жүйе арасындағы күресте жалғыз әрекет ете алмайтындығын анық ұғынды. Сол себепті Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары американдық сыртқы саяси стратегияда Жапониямен Азия-Тынық мұхиты аймағындағы әскери-саяси одақтастықты орнату мәселесіне айрықша көңіл бөлінді.

Трумэн билік басында болған кезеңде американдық сыртқы саяси стратегияның негізін Кеннанның жеделхаты негізінде ұсынылған «коммунизмді тежеу» доктринасы құрады [1].

Алғаш рет «коммунизмді тежеу» доктринасының идеялары 1946 жылдың 22 ақпандағы АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің сыртқы саяси жоспарлау тобының жетекшісі және Мәскеудегі АҚШ-тың төтенше және өкілетті елшісінің кеңесшісі Кеннан телеграммасында көрініс тапты. 1947 жылы жеделхатындағы ойдың жалғасы ретінде «Мистер Х» деген автордың есімімен «Кеңестік әрекеттің себептері» атты мақала жарық көрді. Біраз уақыт өте келе, автордың Кеннан екендігі анықталды. Кеннанның жарық көрген мақаласының мазмұнына жүгінер болсақ, КСРО тарапынан қауіп тек қана әскери емес, сондай-ақ идеологиялық болуы мүмкін. Сол себепті американдық басшылық кеңестік экспансияға қарсы тұруы тиіс. Кеннанмен анықталған АҚШ-тың әрекет етуі тиіс басымдылық берілген геосаяси аймағына Жапония және Филиппин, Канада, Гренландия, Исландия, Скандинавия және Батыс Еуропа мемлекеттері кірді. Кеннан жоспарына немесе АҚШ-тың Трумэн әкімшілігі тұсындағы «коммунизмді тежеу» доктринасына сәйкес басымдылық берілген геосаяси аймақта және әлемнің бірнеше жерлерінде Америка үшін қажетті күштердің тепе-теңдігін сақтайтын біршама әскери контингентті орналастыру көзделді [2].

Дж. Кеннанның ұсынылған «коммунизмді тежеу» доктринасына сәйкес Трумэн әкімшілігі КСРО-мен ықпал ету аймақтары үшін күресте Кеннанның мақаласында көрсетілген мемлекеттермен әскери-саяси одақтастықты дамыта бастады. АҚШ әкімшілігі белгілеген осындай одақтастардың ішінде Жапония да болды. Американдық сыртқы саяси жоспарлардағы Жапонияның рөлінің артқандығын Трумэн әкімшілігімен қабылдаған маңызды құжаттардың мазмұнынан байқауға болады. 1949 жылғы Ұлттық қауіпсіздік кеңесінің құжатында: «Ғаламдық соғыс жағдайында Жапонияның мүмкіндіктері оның кімнің мүдделерін қамтамасыз етуде пайдалануы елеулі жағымды немесе жағымсыз ықпалын тигізуі мүмкін», — деп атап өтілген [3].

Г. Трумэн әкімшілігінің Жапонияға деген қызығушылығының артуына Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қалыптасқан жағдай айрықша ықпал етті. Азия-Тынық мұхиты аймағындағы АҚШ-тың «коммунизмді тежеу» доктринасын жүзеге асыру қажеттілігіне осы аймақтағы өзгеріске түскен геосаяси жағдай әсер еткен болатын. Аймақтағы геосаяси жағдай Кеңес Одағының милитаристік Жапонияға қарсы соғысқа қатысуы нәтижесінде Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарына қозғаушы күш ретінде ықпал етуі нәтижесінде өзгеріске түсті.

АҚШ-тың Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қауіпсіздік саясатын анықтаған келесідей геосаяси өзгерістер орын алды: Қытайда азаматтық соғыс басталды және оның нәтижесінде кеңестік саясатты қолдаушы жаңа мемлекеттің пайда болатындығы айқын болды, 1945 жылы 17 тамызда тәуелсіз Индонезия Республикасы құрылды, 1945 жылы 2 қыркүйекте Вьетнам Демократиялық Республикасы құрылды, 1945 жылы қазанда Лаостың тәуелсіздігі жарияланды. Осындай геосаяси өзгерістерді ескере отырып, АҚШ «коммунизмді тежеу» доктринасын жүзеге асыруға кірісті. Соғыстан кейінгі бастапқы жылдары Трумэн әкімшілігі КСРО-ның ықпалына қарсы тұруда аймақтық саясатта Қытайға сүйенуге ұмтылған болатын. Алайда 1949 жылы ҚХР-дың құрылуы АҚШ-тың аймақтық саясатта кеңестік ықпалға қарсы тұруда өзге одақтастарды іздеу қажеттілігін байқатты. Осы одақтастыққа американдық басшылық Жапонияны тартуды жөн деп тапты. АҚШ-тың Жапонияны әскери-саяси одақтасқа айналдыру саясаты оның елдегі оккупациялық саясатынан бастау алған болатын. Жапонияға қатысты бейбіт реттеу мәселесінде жеңген мемлекеттерден құралған Қиыршығыстық комиссияның бас қолбасшысы Макартурдың жетекшілігімен жүзеге асқан АҚШ-тың оккупациясын екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: біріншісі — Американың Қиыр Шығыстағы негізгі қарсыласы мен бәсекелесін жоюға ұмтылған 1945–1948 жылдар аралығын қамтиды. Екіншісі — Қытай Халық Республикасының құрылуынан кейін және Кореядағы соғыстан кейін Жапонияны өзіне бағынышты одақтасқа айналдыру, яғни, «кері бағыт» деп аталған саясат жүзеге асқан 1948–1952 жылдар аралығын қамтиды [4].

АҚШ-тың Жапониядағы оккупацияның бірінші кезеңіндегі мақсаты мемлекетті демократизациялау және демилитаризациялау болды. Американдық басшылығының осы мақсаты

«Оккупацияның бастапқы кезеңіндегі АҚШ-тың Жапонияға қатысты саясатының негізгі қағидалары» деген құжатпен анықталды. Құжаттың мазмұнында атап көрсетілгендей: «Оккупация мақсаттары ретінде Жапонияның АҚШ-қа және әлемдегі бейбітшілік пен қауіпсіздікке қауіп төндірмеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ өзге мемлекеттердің құқықтарын құрметтейтін және БҰҰ-ның Жарғысының идеалдары мен қағидаларында көрініс тапқан американдық мақсаттарды қолдайтын бейбіт және жауапты үкімет құру белгіленді» [5].

Құжаттағы көрсетілген мақсаттарды жүзеге асыру үшін американдық үкімет әр алуан ішкі экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырды. Солардың бірі — Жапонияның соғыстан кейінгі тағдырын анықтаған жаңа Ата Заңының қабылдануы. Ата Заңға 1946 жылы қазанда қол қойылып, өз күшіне екі палатаның бекітуімен 1947 жылы 3 мамырда енді. Осы құжаттың мазмұнын дайындауда Жапонияда оккупациялық саясатты жүзеге асырған Трумэн әкімшілігі шешуші рөл атқарды. Сол себепті оның мазмұнында көрініс тапқан өзгертулер, ең алдымен, американ мүдделерін қамтамасыз еткен болатын. Атап көрсетерлік осындай маңызды өзгертулердің бірі — Жапония Ата Заңының 9-бабына сәйкес Жапонияның халықаралық дауларды шешудің жолы ретінде соғыстан бас тартуы және өзінің қарулы күштерінің болуына тыйым салынуы [6].

Жапониядағы АҚШ-тың ықпалына бағынышты мемлекетке айналдыру мақсатында генерал Макартурдың бастауымен ел ішінде жер реформасы, жаңа Додж линиясы бойынша экономикалық көмек көрсету сияқты шаралар да жүргізіле бастады. Сонымен қатар милитаристік идеялар мен кенестік ойларды ұстанған қозғалыстардан да саяси тазалау жүргізіле бастады. Осы саясат арқылы Трумэн әкімшілігі оккупацияның бірінші кезеңінде Азия-Тынық мұхиты аймағындағы ықпал ету аймағын кеңейту мақсатында Жапониядағы рөлін күшейтуге әрекеттенді. Генерал Макартурмен жүзеге асқан оккупацияның екінші кезеңі Жапониядағы АҚШ-тың белсенділігімен сипатталды. АҚШ үшін кешегі соғыстағы қарсыластың кейінгі жылдарда одақтасына айналдыру қажеттілігі туындады. Трумэн әкімшілігі Жапонияның қайта әскери күш-қуатын қалпына келтіру мақсатында экономикалық көмек көрсетіп қана қоймай, Жапониядағы АҚШ-тың әскери қатысуын қамтамасыз ететін және екі тараптың әскери-саяси одағын қалыптастыратын құқықтық негізді орнату қажеттілігін ұғынды [7]. Гарри Трумэн әкімшілігі АҚШ пен Жапонияның әскери-саяси қарым-қатынастарының құқықтық негізін қалыптастыруға бағытталған дайындыққа қызу кірісті. Осы әкімшілік тұсындағы екі мемлекеттің әскери-саяси одағының қалыптасуын айқындаған келесідей маңызды құжаттар қабылданды:

- 1951 жылы 4 қыркүйекте Сан-Францискодағы Жапонияға қатысты бейбіт келісім-шартқа қол қойылды;
- 1951 жылы 8 қыркүйекте АҚШ пен Жапонияның арасындағы қауіпсіздік кепілдігі туралы келісім-шартқа қол қойылды;
- 1951 жылы қауіпсіздік келісім-шартының 3-бабына сәйкес қабылданған 1952 жылы 28 ақпанда жапондық территорияда американдық қарулы күштердің орналасуы шарттары туралы әкімшілік келісім қабылданды.

1951 жылы 4 қыркүйекте қабылданған Сан-Францискодағы Жапонияға қатысты бейбіт келісім-шартқа келісу туралы ресми мәлімдеме АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Д.Ачесонның ағылшын сыртқы істер министрі қызметін атқарған Э.Бэвинмен кездесуден кейін 1949 жылдың күзінде жасалынды. Олар біріккен мәлімдемеде АҚШ пен Англия қысқа мерзімде Жапониямен бейбіт келісім-шартты дайындауға кірісу қажеттілігі туралы ортақ пікірге тоқтады. Жапониямен жасалынатын келісім-шарт туралы мәселе Трумэн мен Макартурдың Уэйк аралындағы 1950 жылдың қазанындағы кездесудегі келіссөздердің кезінде де талқыланды. Бұл сұхбатта бейбіт келісім-шарттың жалпы ережелері анықталды. КСРО мен Қытай осы шартқа қол қоюға қатысуға бас тартуы мүмкіндігіне қарамастан, конференция міндетті түрде өтуі тиіс деп шешілді. Қандай да жағдайда болмасын американдық әскерлерді Жапонияның территориясында тағы да бірнеше жылға қалдыру шешілді [8].

1951 жылы 4 қыркүйекте Сан-Францискода Жапонияға қатысты бейбіт келісім-шарттың шарттарын қарастыру мақсатында 52 мемлекеттің өкілдері бас қосты. Конференцияға ҚХР, Монғол Халық Республикасы, КХДР және Қиыршығыстық Республика шақырылмады. Үндістан және Бирма қатысудан бас тартты. Конференция барысында Жапонияның тағдырын анықтаған бейбіт келісім-шартқа 1951 жылы 8 қыркүйекте КСРО, Польша және Чехословакиядан басқа 48 мемлекет қол қойды. Шарт 7 бөлім, 27 баптан құралды. Бірінші бөлімнің шарттарына сәйкес келісім-шарттың күшіне енген мерзімінен бастап Жапония мен одақтастар арасындағы соғыс жағдайы аяқталған деп жарияланады. Жапония Корея тәуелсіздігін мойындады және Курил аралдары, Сахалиннің оңтүстік

бөлігі, Спратли аралдары, Формоза аралы және Тынық мұхиттағы өзге де аралдардан бас тартты. АҚШ үшін аса маңызды болған баптарға келер болсақ, бұл, Трумэн атағандай, «келісім-шарттың жүрегі» болған 5–6 баптар еді. 5-бапқа сәйкес Жапония БҰҰ-ның Жарғысындағы негізі қағидаларға сүйене отырып, әрекет етуге міндеттенді. 6-бапқа сай барлық оккупациялық әскер Жапониядан міндетті түрде 90 күндік мерзімде шығарылуы тиіс. Алайда бұл шарт Жапониямен жасалынған екіжақты немесе көпжақты келісімдердің нәтижесінде және соларға сәйкес жапондық территорияларда шетелдік қарулы күштердің орналасуына және сақталуына кедергі бола алмайды» [5]. 6-бап арқылы АҚШ-тың қарулы күштерінің Жапонияда қалуына, яғни әскери қатысуын жалғастыруына және сол арқылы «коммунизмді тежеуге» бағытталған саясатын жүзеге асыруға жағдай жасалынды.

АҚШ пен Жапонияның арасындағы әскери-саяси одақтың негізін қалаған келесі маңызды екіжақты құжат — 1951 жылғы қауіпсіздік кепілдігі туралы келісім-шарт. Оған 1951 жылы 8 қыркүйекте Жапония тарапынан премьер-министр Есида мен АҚШ тарапынан мемлекеттік хатшы Ачесонның қатысуымен АҚШ-тың жапондық территориядағы әскери орналасуын сақтау туралы бабын толықтыру мақсатында қол қойылды. Жапония мен АҚШ арасындағы әскери-саяси байланыстарды орнатқан осы келісім-шарт преамбула және бес баптан құралды. Келісім-шарттың преамбуласында: «Өзіндік және ұжымдық қорғанысқа құқығы бар егемен ел ретінде Жапония «өзінің қорғанысы бойынша уақытша шара ретінде Құрама Штаттардың өз әскерлерін Жапонияда және оған жасалынатын шабуылдың алдын алу үшін мемлекетке жақын аумақтағы территорияда орналастыруын қалайды», — деп атап өтілуі арқылы келісім-шартқа қол қойылудың себебі түсіндіріледі.

Басты бапқа айналған бірінші бапқа сәйкес АҚШ өзінің жерасты, әуедегі және теңіз күштерін Жапонияда және оған таяу жатқан аймақта орналастыруға құқығы болды. Бұл күштер халықаралық жағдайдағы бейбітшілік пен Қиыр Шығыстағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Жапонияға сырттан жасалынатын әскери шабуылдан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін», сонымен қатар «Жапониядағы ішкі тәртіпсіздіктер мен төңкерілістерді басу үшін» пайланылмақ. Яғни, осы бап арқылы іс жүзінде екі тараптың одағының әскери сипатқа ие болып, пайда болған мәселелерді АҚШ-тың қарулы күштерінің қолдауымен шешуі анықталды. 2-бапқа сәйкес Жапонияға Американың алдын ала келісімінсіз басқа мемлекеттердің базаларын орналастыруға және өз территориясын үшінші бір мемлекеттің қарулы күштеріне транзит ретінде пайдалануына рұқсат беруге тыйым салынды. Екінші баптың негізінде АҚШ Жапонияда өзге мемлекеттердің ықпалында болуына кедергі жасауға және өзінің толыққанды бақылауын орнатуға әрекеттенді. Келісім-шарттың 3-бабы бойынша Құрама Штаттардың Жапониядағы және оған таяу жерлердегі қарулы күштерінің орналасуын реттейтін нақты шарттар екі үкіметтің арасындағы әкімшілік келісіммен анықталады. Соңғы 4,5-баптарға сәйкес келісім-шарттың мерзімі шектелмеді және оның күшіне енуі өзара бекітілу грамоталарымен алмасуынан кейін жүзеге асатындығы жайлы айтылған [9]. Осы бап арқылы американдық басшылық Жапониямен әскери одақты ұзақ мерзімде сақтауға мүдделілігін байқатты.

Президент Г.Трумэн әскери-саяси одағының қалыптасуына ықпалын тигізген келесі құжат — 1952 жылы 28 ақпанда жапондық территорияда американдық қарулы күштердің орналасуы шарттары туралы әкімшілік келісім. Бұл келісімге АҚШ пен Жапония 1951 жылғы қауіпсіздік кепілдігі туралы келісім-шарттың 3-бабына сәйкес қол қойған болатын. Келісім мазмұнына сәйкес Құрама Штаттары Жапония территориясында кез келген көлемдегі әскерлерді ұстауға және қалаған қаруды пайдалануына, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әскери база ретінде территорияны кеңейте алу құқығына ие болды. Яғни әкімшілік келісім АҚШ-тың Жапониядағы ықпалын күшейтіп, оның толыққанды бақылауын орнатуына мүмкіндік туғызды. Келісім-шарттың негізінде Жапония өз юрисдикциясындағы біраз жерлерінен айырылды. Американдық әскери қызметшілерге және олардың отбасыларына экстерриториалдық құқығы және өзге де маңызды басымдылықтар берілді» [10].

Трумэн әкімшілігі тұсында қол қойылған Сан-Франциско бейбіт келісім-шарты, 1951 жылғы Қауіпсіздік кепілдігі туралы келісім-шарт және 1952 жылғы Жапондық территорияда американдық қарулы күштердің орналасуы шарттары туралы әкімшілік келісім нәтижесінде АҚШ Жапонияның территориясында қарулы күштерін еркін қолданып, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы болашақ әскери жоспарларын жүзеге асыруда плацдарм ретінде Жапонияны пайдаланудың негіздерін қалай бастады. АҚШ өз әскерін күшейтіп қана қоймай, өз мүдделеріне сәйкес қолданылуы мүмкін Жапонияны әскери тұрғыдан мықты әрі шикізаттық тапсырыстарды орындауда маңызды рөл атқара алатын деңгейдегі экономикалық одақтасқа айналдыруға ұмтылды. Осы мақсаттардың жүзеге асуы және АҚШ-тың Азия-Тынық мұхиты аймағына қатысты стратегиялық әскери жоспарын жүзеге

асырудағы Жапонияның рөлінің артуы біріккен келесі әрекеттерден көрініс тапты. Біріншіден, Кореядағы 1950–1953 жылдардағы соғыс барысында жапондық компаниялар американдық қарулы күштердің тапсырыстарын орындап, Американың стратегиялық жоспарларын жүзеге асыруда септігін тигізді. Жапония территориясы Кореяда БҰҰ-ның туының астында әрекет еткен американдық әскерлердің маңызды шебіне айналды. АҚШ тарапынан әскери тапсырыстар арта түсті. 1952 жылдың мамырынан Эйзенхауэр билік басына келген 1953 жылдың маусымына дейінгі аралықта Жапониядан Кореяға 2 мыңдай әр алуан калибрлі қарулар, 7656 танкіге қарсы қолданылатын «Базук» сияқты мылтықтар, 400 мың реактивті снарядтар, 2,3 млн миналар, 2,2 млн гранат т.б. дайындалып, жіберілген. Яғни 1950 жылдың маусымында басталған Кореядағы соғыс барысында қару-жараққа және әскери материалдармен қамтамасыз етуде жапон өнеркәсіптеріне сұраныс арта түсті. Нәтижесінде АҚШ-тың оккупациялық кезеңіндегі 1950–1952 жылдары жапон экономикасына американдық тапсырыстардан түскен табыс 2,5 млрд долл. жетті [11]. Сонымен қатар осы жылдардағы американдық әскери тапсырыстар «қырғи-қабақ соғыс» барысындағы Жапонияның әскери-өндірістік күш-қуатының қалыптасуына жағдай жасады. Екіншіден, Жапония мен АҚШ-тың арасындағы 1952 жылғы жасалынған әкімшілік келісімнің негізінде шешім қабылдаудың механизмі ретінде Жапон-американдық біріккен комитет құрылады. Комитетті құрудағы мақсат — АҚШ-тың әскерлерімен қолданылатын базалар мен объектілерді, жаттығу полигондары мен порттарды, жер учаскелері мен ғимараттарды эксплуатациялауға қатысты және Жапониядағы американдық қарулы күштердің қызметі туралы мәселелерді талқылау үшін бас қосу. Құрамына Жапония тарапынан СІМ-нің Американдық департаментінің төрағасы мен Ұлттық қауіпсіздік басқармасының (ҰҚБ) құрылыс бөлімшесінің бастығы, ал АҚШ тарабынан Жапониядағы американдық қарулы күштердің штабының бастығы мен елшінің кеңесшісі кіреді және екі апта сайын бас қосып тұратын болып шешілді. Үшіншіден, АҚШ-тың әскери қатысуына жағдай жасалынды және Жапонияның дербес қарулы күштерінің негіздері қалана бастады. Яғни американдық әскерлер 18 аудан, 35 әуежай, теңіздегі маневрлар үшін учаскелер, порттар тағы басқа да әскери жаттығуға қажетті көлік және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілді.

Трумэн әкімшілігі екі мемлекеттің әскери-саяси одағы мәселесінде одақтасының да әскери қарулануы мәселесіне ерекше көңіл бөлді. 1951 жылдың қаңтарындағы жапондық тараппен «қауіпсіздік келісім-шартына» келісу туралы келіссөздерде-ақ, американдық үкіметтің арнайы өкілі Дж. Даллес АҚШ-пен екіжақты әскери одаққа келісудің шарты ретінде Жапонияның 350 мыңдық армияны құруын және өз қорғанысы мен аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде басты жауапкершілікті алуын талап етті. Алайда Жапония үкіметі ел Ата Заңының 9-бабын ескере отырып, елдің әскери күш-қуатын арттыру саласында өзіндік бағыт ұстанып, ұлттық қарулы күштерді бірте-бірте және реттелген дамытуды көздеді. Сол себепті Жапониядағы қарулы күштерге байланысты өзгертулер енгізілді. 1950 жылғы 8 шілдедегі оккупациялық әскерлердің штабы негізінде 1950 жылғы 10 тамыздағы Жапон кабинетінің жарлығына сәйкес құрылған 75 мыңдық «резервтік полицейлік корпусының» атауы өзгертілді. Яғни, 1952 жылы 27 мамырда «Резервтік полицейлік корпусының» «Қауіпсіздік корпусы» атауына өзгеретінін және ондағы адам санының 110 мыңға көбейтілетіндігі туралы заң қабылданды. Қарулы күштердің құрамдас бөлігі болған Теңіз қауіпсіздігінің басқармасы да «Теңіз қауіпсіздігінің корпусы» атауына өзгерді.

Қорытындылар болсақ, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде американдық президенті Г.Трумэн әкімшілігі өз сыртқы саяси стратегиясында әскери-саяси одақтастыққа айрықша көңіл бөлді. Әсіресе Азия-Тынық мұхиты аймағындағы қауіпсіздік жүйесінде Жапониямен әскери-саяси байланыстардың рөлі зор болды. Трумэн әкімшілігі Жапониядағы оккупациялық саясаты барысында өзінің толыққанды бақылауын орнатып, Азия-Тынық мұхиты аймағындағы геосаяси мүдделерін жүзеге асыру мақсатында Жапониямен әскери-саяси одақтастық байланыстардың құқықтық негізін қалады. Сонымен қатар американдық басшылық аймаққа қатысты әскери-саяси жоспарларын Корея соғысында Жапонияны шикізатпен қамтамасыз етудің әрі өзге аймақтағы мемлекеттерге өз ықпалын кеңейтуде плацдарм ретінде пайдалануға кірісті. Яғни, АҚШ президенті Г.Трумэн билік басында болған 1945–1952 жылдар аралығы АҚШ пен Жапонияның арасындағы әскери-саяси саладағы құжаттардың қабылдануы мен бірлескен әрекеттері арқылы әскери-саяси ынтымақтастықтың қалыптасуы кезеңі болуымен ерекшеленді.

References

- 1 *Zhinn G.* The USA after the Second World War. — Moscow: Nauka, 1967. — 359 p.
- 2 *Buharov B.I.* The formation of American-japanese (1945–1952). — Moscow: Nauka, 1963. — 126 p.
- 3 National Security Strategy-68: United States Objectives and Programs for National Security. April, 14. 1949 // Papers relating to the foreign relations of the United States. — Washington: New York Press, 1950. — P. 58.
- 4 *Gary D. Allinson.* Japan's Postwar history. — New York: Cornell University Press, 1997. — 40 p.
- 5 The basic principles of the US policy toward Japan at the beginning period of occupation // Collection of documents concerning Japanese capitulation. 1943–1946 year. — Moscow: Nauka, 1947. — 85 p.
- 6 Constitution of Japan of 1947 year [Electronic resource] // National Diet Library: [site]. URL: <http://www.ndl.go.jp/constitution/e/etc/c01.html>
- 7 International Relations in the Far East after the Second World War years. — Vol. 2 /Edited by. E.M.Zhukov, M.I.Sladkovskiy et al. — Moscow: Misl, 1978. — 178 p.
- 8 *Leshke V.G.* Japanese-american ally: the results of three decades. — Moscow: Nauka, 1983. — 157 p.
- 9 Security Treaty Between the United States and Japan, September 8, 1951 [Electronic resource] // Avalon Document Collections: [site]. URL: <http://www.yale.edu/lawweb/avalon>
- 10 Administrative agreement of 1952 year [Electronic resource] //Avalon Document Collections: [site]. URL: <http://www.yale.edu>
- 11 America: past and Present / Robert A.Divine. — USA: Longman Press, — 2002. — 1014 p.

Р.О.Садыкова

Формирование американско-японского военно-политического союза в период правления администрации Трумэна

В статье рассмотрено формирование военно-политических отношений между Японией и США в период президентства Гарри Трумэна. Автором проанализирована внешнеполитическая доктрина США «сдерживания коммунизма», которая служила теоретической основой при формировании военно-политических блоков для американского руководства. Также изучена основная правовая база и совместные действия Японии и США, направленные на установление военно-политических отношений.

R.O.Sadykova

Formation of the American-Japanese military-political union in board of administration of Truman

The article is devoted to the studying of the formation of the military-political relations between Japan and the USA during the presidency of Harry Truman. The author considered the U.S. foreign policy doctrine «containment of communism», which served as the theoretical basis for the formation of the military-political allies by the U.S. leadership. Also in the article were analyzed the basis legal framework and the joint actions of Japan and the United States to establish the military-political relations.

Б.Қ.Рақымжанов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: bakitdzan.kz@mail.ru)

Шәкәрім дүниетанымындағы затшылдық ғылым дегеніміз не?

Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының ғылым туралы ой-толғамдары сараланды. Ойшыл көтерген «затшылдық ғылым» түсінігінің мәні тарихи-философиялық контексте талданды. Оның қазіргі замандағы мән-маңызы мен өзіндік сипаты бағамдалды. Шәкәрім Құдайбердіұлы көрсеткен «затшылдық ғылымға» тән басты сипаттар айқындалған.

Кілтті сөздер: затшылдық, дүниетаным, қазақ философиясы, уақыт, ғұмыр, пән, затшылдық ғылым, концептуалды идея, ағартушы, тұлға.

Затшылдық ғылым деген не? Затшылдық ғылымға қандай ғылымды жатқызамыз? Міне, бұл сұрақтар Шәкәрім шығармаларымен кеңірек танысқан адамның алдынан шығатын заңды сұрақтар. Себебі Шәкәрім затшылдық деп оған аса мән бере, әрі сақтықпен қараған. Айта кету керек, Шәкәрім затшылдық ғылымның қағидаларын дұрыс деп танымаған, оны, керісінше, сынға алған. Ойшылдың затшылдық ғылым жайындағы пікірлері негізінен оның «Үш анық» философиялық трактатында жүйеленеді.

Шәкәрім шығармаларын басынан соңына дейін оқып отырғанда біз үнемі оның белгілі бір дүниетанымдық сұрақтардың айналасында ой қозғайтындығын аңғарамыз. Оның өлеңдері не осы сұрақтардың қойылуынан немесе оған берген ойшылдың жауаптарымен мазмұндалады. Шәкәрім өзінің философиялық трактаты «Үш анықта» да әлгі сұрақтардың айналасында ізденуді басты мақсат тұтады.

Шәкәрім тек қазақ философиясына ғана тән емес бүкіл адамзаттың әлі күнге дейінгі маңызды болып келе жатқан, кеңістігі ауқымды сұрақтарды көтереді. Оның көтерген философиялық, дүниетанымдық мәселелері тұтастай адамзаттың өмірін қамтитын сұрақ болғандықтан, ойшылдың дүниетанымы да белгілі бір ұлттың немесе халықтың дүниетанымының аясында шектелмей бүкіл адамзаттық деңгейге ұласып жатады. Ол қандай сұрақтар еді?

Шәкәрімнің өмір бойы рухани ізденісінің тірегі болған сұрақтар *адамзат баласының және мына тіршілік әлемінің қайдан жаратылғандығы, өлген соң оның қайда барып оралатындығы, сонымен қатар енді осы екеуінің арасындағы уақыт адамның ғұмырының мақсаты неде екендігі* туралы болып келеді. Міне, бұл сұрақтар Шәкәрімнің философиялық дүниетанымының ең басты сұрақтары болып саналады. Ол бар ғұмырын осы сұрақтардың шешуін іздеу үшін ғылым жолында сарп еткен. Әр адам өз өміріне оның мақсатының неде екендігін ойланғанда аталмыш сұрақтар оның алдынан шығуы тиіс. Бұл сұрақтар тек Шәкәрімнің сұрақтары емес, ойшыл бұл мәселелерге қарапайым адаммен салыстырғанда ғылыми тұрғыдан келген. Басты мәселе Шәкәрімнің мақсатында болып отыр. Біз, гуманитарлық сала мамандары немесе философия саласының мамандары, бұл сұраққа жиі кезігіміз. Бізден Шәкәрімнің айырмашылығы сонда, ол бұл сұрақтардың айналасында ізденгенде басқаша мақсат қояды. Мәселен, қазіргі ғылым саласындағы біздер аталмыш мәселелер туралы ізденгенде дәріс оқу үшін немесе мақала жазу үшін, ал студенттер қауымы болса семинар сабақтарына жауап беру үшін, емтихан тапсыру үшін ізденеді. Біздің, ізденісіміз осы мақсаттарға қол жеткізгенде тоқтап қала беруі мүмкін. Ал «Шәкәрім не үшін ізденді?» деген сұрақ туындайды. Оның мақсаты алыс. Ол бұл сұрақтарды өмірінің соңғы сәтіне дейін ойланып, ізденіс жасап өтті. Оның

мақсаты біздікімен салыстырғанда терең, әрі онда бір жанкештілік байқалмайды ма. Шәкәрімнің ойшыл ретіндегі бір ерекшелігі осында.

Шәкәрім *келдім қайдан, барам қайда* дегенде ол жан туралы айтып отырғандығын ескеруіміз керек. Өйткені адам осы дүниеге келгенде оның жаны денеге енеді, кетерде денені тастап кетеді. Дене осы дүниенікі. Ал келіп кету жанның ісі. Сондықтан бар құпия жанның жұмбағына келіп тіреледі. Бізді келген жағымызбен және қайтатын жағымызбен байланыстыратын осы — жан. Сондықтан ол жақты тану үшін жан туралы ойланған дұрыс.

Шәкәрім түсінген басты ақиқат адам баласы үшін мына фәни дүниесі бұрыннан бар болып табылмайды. Мәселе оның бұған келгендігінде және кететіндігінде болып тұр. Ендігі мәселе Шәкәрім үшін адам баласының қайдан келгендігінде және қайда баратындығында. Яғни, Шәкәрім бұл дүниенің сұрақтарынан шығып кетіп, бұған дейінгі және бұдан кейінгі мәселе туралы қозғап отыр. Сонда адамның тұрақты **мекені**, немесе **үйі**, қайда? Шәкәрім сол жағын ойланып отыр. Ол бұл туралы «Қайтқан шал» өлеңінде де тағы да ой қозғайды. Бұл дүниені осы өлеңінде ойшыл сан алуан керуендер келіп-кетіп жатқан кең сарайға теңеп, өзінің шын үйінің қайда екендігі туралы ойланады. Шәкәрім дүниенің негізіндегі бастапқы заңдылықтарды, гармонияны тану, білу адам үшін негізгі міндет деп санайды. «Ол түп себептің білім құдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығы мынадан анықталады. Барлықтың не нәрсесіне қарасаңыз да мақсұтсыз, керексіз жаралған емес. Бәрін айтпай-ақ өз көзіңіз де ойлаңыз, құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшеніңіз, мақсұтпен жаралғанын көресіз. Ғылым жолымен өсімдік ағаштардың тамыры, өзегі, қабығы, жапырағы, гүлі сияқтылардың бір де бірі бұл мақсұтсыз деп айта алмайсыз. Бұлар нені көрсетеді? Түп себептің бүйтіп салған жолына қарағанда, оның білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқтығын анықтайды. Егер осының бәрін істеп шығарып тұрған түк сезбейтін соқыр табиғат болса, онан мұндай мақсұт, білім, ерік, гармония тартып жарасым таңдау, жоғарылау шыға алмайды», — дейді Шәкәрім «Үш анықта».

Біз «Үш анықтағы» затшылдық ғылым ұстанымдары турасындағы Шәкәрімнің көзқарастарына тоқталмас бұрын оның затшылдық ғылымды өз өлеңдерінде «пән» деп атағандығына оқырман назарын аудара кеткенді жөн көріп отырмыз. Шәкәрім осы «пән» ұғымы арқылы затшылдық ғылым турасындағы өз көзқарастарын білдіріп отырады. «Пән» ұғымы — Шәкәрім шығармашылығында, әсіресе өлеңдерінде өте жиі кездесетін ұғымдардың бірі. Пәнге байланысты ойшыл келесідей ойлар айтқан: *Пәнші мен дінші тыңдамас, жиреніп мұны ұнамас. Өйткені олар бір езу, әдетін тастап шыдамас*, «*Пән мен дін деп қор болар, ойында өзі зор болар. Ноқтадан басын ала алмас, жетекші айуан сол болар* [1]. «Күн аязда терезеге...» деп басталатын өлеңінде *Шала дін мен қате пәннің соңына ерме, шынға ер*» десе, «Қасына қылыш қайтарқан...», — деп басталатын өлеңінде: *Ойы кем, сөзге шешендер. Денешіл, пәншіл кеселдер* — дейді. Осы өлеңінде Шәкәрім тағы да *Пән айтты зой деп сенбе* деген ойларға барады [1; 180]. *Жан жолдан қосылды деп пән де, дін де, ақылды байлап қойған соған мүлде*, — деп олардың адасқанын айтса, ал «Тура жолда қайғы тұрмас» атты өлеңінде Шәкәрім *Шынды таптым, қайғы басты. Шын сырымды айтайын. Дін де, пән де қатты адасты, дау сабасты барқырап*, — деп пәнді тағы бір түйреп өтеді [2].

Міне, осы тәрізді «пәнге» байланысты Шәкәрімнің ойларын тізбектей берсек толып жатыр.

*Адасып діншіл азғанын,
Пәншілдер ғылым қазғанын,
Философ ойшыл жазғанын,
Сынауға енді бұрдым бас —*

деп, Шәкәрім өзі айтып өткендей, осы пәншілерге үнемі сыни көзқараспен қараған [1;67]. Шәкәрім философтардың ішінде де пәншілер бар екенін айтып отыр.

Жоғарыда біз пән мен затшылдық ғылым екеуі үндес деп айтып өттік. Осы пән жайындағы Шәкәрімнің негізгі ойын түсіну үшін затшылдық ғылым тарихы және оның негізгі қағидалары туралы мәселеге назар аударған жөн деп ойлаймыз. Затшылдық ғылым дүниенің түпкі бастамасы туралы сұрақтың айналасында адамзат баласының жасаған ізденісінің нәтижесінде пайда болып, дамып келеді. Бұл турасында Шәкәрім «Үш анық» трактатында түпкі жаратушыны іздеуде екі жолдың бар екендігін айтып өткенін үш анық туралы жазғанда айтқан болатынбыз. Олардың бірі түп жаратушы бар деген пайғамбарлар болса, екіншісі түпкі жаратушы жоқ, әлем өз бетінен жаралып, дамып жатыр, оны былай қылайын деген ие жоқ деп түсіндіретін затшылдық ғылым. Затшылдық ғылым осы екінші бағытты ұстанатындардың жолы болып саналады. «Үш анықта» бұл жайында ол: *Енді біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген жолдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ойдан шыққаны төменгі сөзден мәлім болды. Ескі заманның білімділері әр нәрсенің*

негізгі түпкі негізі неден жаралғанын тексеріп, тамам нәрсенің негізі төрт нәрсе деп білген. Онысы — от, су, топырақ, ауа. Олардан кейінгі білімділер ол төрт нәрсенің әр біреуі әлденеше негізден жаралғанын таба-таба жақынырақ кезде түп негізі сексен шамалы екенін тапты. Әр дененің көзге ілінбейтін кішкентай тараулардан қосылып жаралғанын тауып, ол кішкентайды қанша ұсақтаса да ақырында тіпті бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын европаша атом деп атады, — деп жазды [3]. Бұл жерде Шәкәрімнің дүниенің түп негізі су, от, ауа деген грек ойшылдары, Милет мектебінің өкілдері Фалес, Анаксимен және дүниенің бастамасы от деп таныған Гераклиттің философиясы жайында айтып отыр. Кейін, Демокриттің атомдар туралы ілімі пайда болып, алғаш рет дүниені құраушы ең ұсақ бөлшек атомдар екені мәлім болды. Шәкәрім ол жайында: *...Гректің Эпикур, Демокрит деген білімділері сол атомды дәлел қылып, барлық әлем атомнан өршіп, жаралып жатыр, оны былай қылайыншы деп біліп жаратқан ие жоқ деген бір жолға негіз салды — деп жазып, затшылдық ғылымның алғаш қалай жүйеге түскендігін аңғартқысы келеді [3; 21].*

Ойшыл затшылдық ғылымның әрі қарай даму тарихын да жіліктеп береді. Жоғарыдағы ойын Шәкәрім әрі қарай былайша сабақтайды: *Соңғы кезде Европаның Гасенди, Декарт, Ньютон, Линней сияқты ойшылдары бұрынғы Эпикур, Демокриттерден қалған жаратушы ие жоқ дегенді қайта жаңғыртып, Европа арасында сол ойдың жайылуына себеп болды. Және атомдар бірін-бірі тартып қосылуына бір күшті дәлел табылды. Ол әр нәрседе бірін-бірі тартатын қуат барлығы. Оны орысша притяжение деп, арабша тажазиб дейді. Мұны алғаш тапқан Англияның Исаак Ньютон деген ойшылы. 17 ғасырда алманың үзіліп жерге түскенінен ойлап тапқан. Бұл біліп жаратқан ие жоқ дегенді ұғымдырақ айтсақ, әлемдегі бар нәрсенің негізгі сексен түрлі атом, солар бірін-бірі тартатын притяжение заңымен қосылып, дене жасап, бірінен-бірі өсіп, өзгеріп жатыр, оны былай қылайын деп әрқайсысын әр бөлек жаратып жатқан ие жоқ және жан деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған дененің бір қозғалысы, өзгерістерінен шыққан сипат [3; 21].*

Сонымен, Шәкәрімнің ойынша, грек жерінен бастау алып, XVII ғасыр Еуропада өрлеген затшылдық ғылым тек дүниенің түпкі себебі жаратушыда емес екендігін айтып қоймай, атомдар өзгерісінен шыққан сипат деп жан туралы да өздерінің ұстанымдарын көрсеткен. Затшылдық ғылым өрлей келе, атомдардың да электрондар мен нейтрондарға бөлінгенін ашады. Сөйтіп, жоғарыдағы сексен шамалы негіздің түп негізі нұр, жарық болған дейді. Енді олар жарықтың жылдамдығын өлшеп, әлемнің механикалық заңдарын аша бастайды.

Міне, бұл затшылдық ғылымның даму тарихы. Шәкәрім затшылдық ғылым қанша себептерді қазса да соңғы себеп өздігінен бола алмайтындығын түсіну керек дейді. *Бұны жазғандағы мақсұтым білінген әлемге қарағанда, білінбегендердің есеп өлшеуге келмейтіндігі оқушының ойында болсын дедім», — дейді Шәкәрім. «Жоғарыдағы айтылған барлықтың бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп біліп жаратқан ие жоқ деген жол әлдеқашаннан айтылып келе жатса да, әсіресе 17–19 жүз жылдардың аяқ шеніне шейін Европа ішінде көбірек жайылды, — деп Шәкәрім осы затшылдық ғылымның дәлелдерінің күштірек дегендерінен төмендегідей мысалдар келтіреді [3; 22]. Затшылдық ғылымдардың қанат жайып дамуындағы ұстанымдар төмендегідей (қысқартып береміз. — Б.Р.):*

1. Қайта айналыс жолы. *Барлық дененің түп себебі — бұрыннан бар қуатты дене атом. Әр нәрсені өсіп өндіретін сол дүниеде еш нәрсе жоғалмайды, бірақ өзгереді. Заттар қатты, сұйық, газдар болып үш түрге түседі. Осылайша заттар бір күйден екінші күйге ауысып, өзгеріп отырады. Адам да өлген соң сезім кетіп, еш нәрсе сезбейді. Осы заңдылық бойынша алмасып отырады.*

2. Жаратылыс жолы. *Мұқым барлықтың бәрін бар қылып тұрған — жаратылыс жолы. Сондықтан біліп жаратушы ие деген бекер сөз, ол жаратылыс жолы осы жаратылғандардың өзінен бөлек нәрсе емес. Осыдан бөлінбейтін заң барлықтың бәрі сол заңнан еріксіз жаралып жатыр (философ Литерие сөзі).*

3. Тұқымдастық жолы. *Құрғақтағы хайуандар, адамдар, өсімдіктер, құстар — бәрі теңізден туған. Теңіз жерді орап алғандықтан, су хайуандары, өсімдіктері құрғаққа шыққан. Жер жүзіндегі өсетіндердің, жандылардың бәрі басында су хайуаны. Сондықтан бұларды бөлек-бөлек жаратқан ие жоқ дейді (Маиеннің сөзі) (Дарвиннің ілімі осы қағиданы ұстанғанын еске саламыз. — Б.Р.).*

4. Дене сезімі. *Біз әр нәрсені денедегі сезімімізбен білеміз. Мұқым барлықтың бәрі жаралыс жолымен еріксіз бар болып жатқанын көріп, біліп тұрмыз. Егер біліп жаратушы ие бар болса, бұл жаратылыс себептерінің түк керегі жоқ болар еді. Неге десең, бір жаратушы білімді құдірет бар болғаннан соң бұл себептердің керегі не? Сондықтан біліп жаратушы жоқ дейді (Бюнхер сөзі).*

5. Әр түрлілік. Барлық дүниеге қарасаң тасы, ағашы басқа өсімдіктер, хайуандар, адамдар, су, от сияқты, тіпті біріне-бірі ұқсамайды. Бұл нені көрсетеді? Бұл әр нәрсе қалай болса солай кезі келгендіктен, себебіне қарай жаралып жатыр. Оны былай болсын деп жаратушы жоқ екені осыдан мәлім дейді (Демокрит сөзі) [3; 22,23].

Жоғарыдағы жаратушы жоқ деген затшылдық ғылым жүйелерінің дәлелдері осы. Бірақ, Шәкәрімнің ойынша, Еуропада XIX ғасырда затшылдық ғылым аша алмайтын, түсіндіре алмайтын құбылыстарды куәландырған телепатия, спиритуализм, магнетизм деген ағымдар болған. Бұлар дүниенің астарында басқа бір құбылыстардың, күштердің бар екендігіне адамдарды тәжірибелер арқылы куәландырған. Кейін затшылдық ғылым жолдағылардың біразы осы күшті мойындап, олардың тәжірибелеріне өздері де аң-таң болған. Бұған байланысты дәлелдерді Шәкәрім «Үш анығында» көптеп келтіреді. Біз оған тоқталып жаптаймыз.

Сонымен, Шәкәрімнің затшылдық ғылым тарихынан көрсеткен мәліметтеріне қарап тоқтам жасауға болады. Ол тоқтам затшылдық ғылымның басты ұстанымы — бұл жаратушының хақ екендігін терістеу. Олар заттар әлемінің заңдарына сүйенеді. Пән дегеніміздің өзі осы. Бұл құдай жоқ дегендердің ілімі. Кезінде жетпіс жылдан астам біздің санамызға билік жүргізіп келген марксистер насихаттаған Маркстің, Лениннің, Энгельстің көзқарастары да, метафизиканы жоқ деп танытуға тырысқан, заттар әлемін ғана мойындауға шақырған позитивизм де, әлі күнге дейін жаратылыстану ғылымдары ту қылып ұстап келе жатқан Дарвиннің эволюциялық теория жайындағы ілімі де, Шәкәрімнің дүниетанымдық түсінігімен қарасақ, пәншілдер іліміне жатады. Яғни, бұлар «пән» болып саналады.

Шәкәрім үшін затшылдық ғылым мен пәннің не екенін осылай түсіндірер едік. Бұларға тән Шәкәрім сынға алған ең негізгі ұстаным бар. Олар: 1) Құдайды, жаратушыны жоқ деп тану. 2) Жанды жолдан қосылды деп тану, жанды мойындамау, жанның денелерді жаратушы екендігін түсінбеу. Бұған жанның қабілеттері мен тілеуіне, азығына сенбеу де кіреді.

Енді Шәкәрімнің осы турасындағы көзқарасына тоқталсақ. Шәкәрім құдайды бар деп жүрген діншіл молдалардың да құдай болмысын дәлелдеуде біржақты кететіндерін жиі айтады. Шәкәрім пәншілдерге құдайды мойындамағандықтан, молдаларды оларға қарсы қойған екен деп түсінбеу керек. Молдалар да «көрініске шоқынған, көр сопы бізді не қылсын» дегендей, құдай болмысын дәлелдеуде көрініс қуып, *тәуіліне ғылымы шақ* (Абай) болып жүр.

*Молдалардан дін сұрасаң,
Сандырақтар сандалар.
Пәншілермен бас құрасаң,
Жан, құдай жоқ, дер тұрақ.
Біз хақиқат елегіне
Осы екеуін елесек.
Түкке тұрмас керегіңе,
Екеуі де қалжырақ.
Пәнші дейді: «Қайда тәңірі?»
Дінші дейді: «Менде тұр!».
Екеуі де сөзге нанды,
Таза ақылдан жоқ сұрақ.
Пәнші нанды бес сезімге
Дінші адасты жолынан.
Сал ақылға, дұрысы не?
Дәлелін тап жақсырақ [2; 204,205].*

Шәкәрімнің ойынша, жаратушы жайындағы сұраққа қалай болса солай қарауға болмайды. Жаралыстың жұмбағы өлшеусіз, адамның білдім дегені, білмедім дегенге есеп. Жаратушыны тану үшін жанды таны деген қағида ұсынады Шәкәрім. «Шынды білмек ойласаң сен, алдыменен жанды біл», — дейді Шәкәрім [1; 272]. Немесе «Жанға көнсем, жан иесі — тәңірге де көнгенім», — деп ойын түптей түседі [1; 274]. Жанға сенбеу жан иесі жаратушыға да сенбеуге әкеледі. Осы мәселеде «пәннің» қатарына Шәкәрім психологияны да жатқызған.

*«Жаным жоқ», — деп болады масқара адам.
Жалам емес, жазыпты пән деп мұны,
Не демес ойы жетпей сасқан адам.
Жанының бастан барын байқампты,
Психолог ғылымын ашқан адам [1; 210].*

Затшылдық ғылым, пән жайында Шәкәрім оларды дәһрилер деп атаған. Ойымыз дәлелді болу үшін оның өз пікірін келтірейік: «Дүние бұрын бар нәрседен жаралады десең, оны бар қылатұғын бір ие керек. Егер иесіз өзі бар болды десең, онда дәһри деген әр діннің сөзі сықылды бір теріс ақымақтық болады. Дәһрилер дүние өздігінен бар болып, ескірген сайын бір нәрседен бір нәрсе жаралады дейді. Бұл тіпті теріс жол», — деп жазды Шәкәрім [4]. Дәһрилер — құдай жоқ, дүние өздігінен дейтіндер. Осылайша Шәкәрім затшыл ғалымды, пәншілерді дәһрилер деп атаған. Абай атамыздың да осы түсінік аясында бір өлеңінде:

*Күні-түні ойымда бір-ақ Тәңірі,
Өзіңе құмар қылған соның әмірі.
Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды,
Оймен білген нәрсенің бәрі — дәһри, —*

деп өтетіні бар [5]. Оймен білген деп затшылдық ғылымның танымын айтып отыр. Жаратушыға дәһрилер арқылы жете алмаймыз деп отырған жоқ па. Халиққа махлұқ ақылы жете алмайды дейді. Яғни, халиққа — жаратушыға, махлұқ — жаратылған ақылы жете алмайды дейді. Жаратушы үшін бар болғаны жаратқан пендесі ғана болып саналатын адам баласының жаратушыға ақылы жетпейді деп отыр Абай. Міне, дәһриліктің мәні осындай.

Дәһриліктің бар ғылымы суық ақылмен жасалады. Олар материалды әлемді көрумен ғана шектеледі. Олардың алған білімі іштеріне енбей, сырттарында жүреді. Сол сырттарында жамылған затшылдық білімін олар қорған қылады. Оны пайдаланып, жалған тіршіліктің қызығын көру керек деген ұран таратады. Заттар әлемімен ғана байланысты дәһрилер ілімі заттар әлемінің қызығын көруге шақырып, жанды мүлдем ұмытып, денеге бас ұрады. Осыдан келіп адамзат баласының хайуани деңгейдегі білімі оның ішін тазарта алмай, жан дененің құлына айналып, түп иесін мүлдем ұмытады. Таза ақыл өлді демек деген осы. Затшылдық ғылым ішке бармайды, ол адамның сыртында жүретін жамылғысы сияқты. Олай болған соң имани білім болмай адам еш нәрседен қаймықпай дүниенің сөзін сөйлейді. Оларға бәрі жеңіл. Күнә деген олар үшін өмір сүрмейді. Затшылдыққа әбден маталған адамдардың қылығы да адамшылыққа ұқсамай кетеді.

*Пән жамылған әлімдер,
Дін жамылған зәлімдер,
Бере берсең, бәрін жер,
Сол жалмауыз паңнан без, —*

дейді Шәкәрім [1; 229]. Жаратушыны жоққа шығарған, жүрегінде иманы жоқ адам үшін ешқандай қасиетті нәрсе жоқ. Ол қанша ғылым жолында болсын оның білімі ішіне қонбағандықтан, ол хайуандықтан биік көтеріле алмайды. Ол бәрін жұтып қоюға дайын. Сонда әлгі ғалымның ғылымы оны неге адамшылыққа апармады? Ол неге хайуани деңгейден көтеріле алған жоқ? Ондай адам екі жүзді келеді. Кез келген заманның ығына жығыла салуға бейім. Кеңес дәуірінде дамыған осы дәһри ғалымдар үшін кеше сол заманның сөзін сөйлеп, бүгін оны теріске шығарып жаңашыл болуының да себебінде осы түпкі тиянақтың, басты бағдардың, иманның — ұяттың жоқтығы демеске амал жоқ. Бұндайлар жайында «адасып әлім шатылды, ол шатасқан шаңнан без», — дейді Шәкәрім. Жанға, жаратушыға ілікпеген пәншілердің жүрегі қатты, оларда жанашырлық жоқ.

*Күн көре алмай жақының жатыр өліп,
Шіміркенбей жемтігін жейсің бөліп.
«Ғылым деген бұл болса, адыра қалсын»
Демеске бара жатыр ішім толып, —*

дейді Шәкәрім бұл жайында [1; 85]. Шәкәрімнің пәнді үнемі сынға алуының себебі осында. Затшылдық ғылым, Шәкәрімнің ойынша, тек әлемнің құбылыстары жайында айтып, оның түп себебін көре алмай отыр.

*Ғылым деп боқты жегізді,
Денесіз зат жоқ дегізді.
Пайдасыз пәнмен перделеп,
Тапқызбай қойды негізді.*

Пайдасыз пәнмен перделенген ақылдың көзін ашып ал деп отыр. Ол ананы бір, мынаны бір айтып түпкі негізді тапқызбай қойды дейді. Шәкәрім олар дәлелді тек заттан ғана іздеді деп отыр. Жер бетіне ауадай тараған затшылдық ғылым жайындағы Шәкәрімнің ойы осындай.

*Айла, күш — айуандықтың ең жаманы,
Боқты боқпен жуғанмен ел түзелмес.*

*Ар түзейтін бір ғылым табылмаса,
Зұлымдықты жалғанда әділ жеңбес, —*

деп Шәкәрім затшылдық ғылымға, пәнге қарама-қарысы ар түзейтін бір ғылым қажет дейді [30; 86].
Бұл адамшылық үшін қажет ғылым.

*Ар түзер адамның адамдық санасын,
Ақ жеңіп шығады, арамның қарасын.
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын [2; 186].*

Шәкәрім енді адамның санасын түзейтін ар білімі керек дейді. Сол ғана адамды құтқара алмақ.
Бізге дәһрилікке қарсы рухани иммунитет қажет деп отыр емес пе.

*Көрінер ғылымды елдің сырты таза,
Тексеріп терең ойға салмағанда.
Ақымақ пен айуанның иісі аңқиды,
Істерін әбден сынап талдағанда, —*

деп ойшыл тексеріп терең ойға салмағанда ғылымды елің сырты таза көрінер дегенде затшылдық ғылымға белшесінен батқан Еуропаны айтып отыр [2; 179]. Шәкәрімнің затшылдық ғылым, пән турасындағы ой-толғамдарынан концептуалды идея шығады. Ол концептуалды идея — пайдасыз білім деген ұғым. Яғни, бұл адамшылық жолында пайдасыз деген сөз. Пайдасыз білімді беру адамды адамшылыққа әкеледі ме? Мәселе осында. Еуропадан бастау алып, орыс отаршылығы арқылы қазаққа келген ағартушылықтан не таптық. Ол ағартушылық өзіміздің ұлтымызды, халқымыздың мәдениетін терістеуге, имансыздыққа үйретті. Себебі сол ағартушылықтың қайнар көзінде затшылдық ғылым жатқан еді. Ағартушылық біздің ішімізді түзей алмады. Сыртқы сөзіміз ғана түзелді. Ел болу үшін ол жеткіліксіз. Ал Шәкәрім не дейді бұл турасында. Құлақ асайық.

*Сыртқы сөзің шын болса,
Ішің толған жын болса,
Жүрегіңде мін болса,
Айтқан сөзің ем емес!
Жүрегі таза адамдар,
Зұлымдықтан амандар,
Қиянатсыз надандар
Әулиеден кем емес! [2; 159].*

Қазаққа жүрегін дерттен емдейтін, ішті жыннан тазартатын ар түзейтін, имани ғылым қажет деп таныған Шәкәрім даналығы осындай. Ойшыл неліктен «қиянатсыз надандарды әулиеден кем емес» деді екен деп қайран қаласың. Олай болса, Адамшылық ең алдымен білім арқылы емес қиянатсыздық арқылы қалыптасады деп отыр ғой. Ағартушылықта ең алдымен білімді бол демеуші ме еді. Ал Шәкәрім білім ғана адамды адам қылмайды деп отыр. Қиянатсыз бол дейді. Олай болса пайдасыз білімнен сақ болу керек. Шәкәрімді ендеше неге *ағартушы* деп келгенбіз? Ол қиянатың бар болса иманың жоқ демеп пе еді. Шәкәрім Қиянатсыздық арқылы имандылықты өлшейді ғой. Адамның жүрегін дерттен сауықтыратын да осы имани білім деген оймен, Шәкәрім затшылдық ғылым орнына ар түзейтін ғылым қажет деп таниды. Затшылдық ғылым турасындағы ойы осы.

References

- 1 *Shakarim. My faith.* — Almaty: Arys, 2000. — 117 p.
- 2 *Kudaiberdiev Sh. Compositions (Poems, dastans, book of words).* — Almaty: Zhazushy, 1988. — 206 p.
- 3 *Kudaiberdyuly Sh. Three truths // The World almanac.* — Almaty: Zhazushy, 1991. — 20 p.
- 4 *Kudaiberdyuly Sh. Muslim requirements // Mind find the way. World club of Abai.* — 2006. — 671 p.
- 5 *Kunanbaev A. All compositions in one volume.* — Almaty: Zhazushy, 1961. — 227 p.

Б.К.Рақымжанов

Предметные науки в мировоззрении Шакарима

В статье проанализировано отношение казахского мыслителя Шакарима Кудайбердиева к науке. Суть поднятой мыслителем проблемы «предметные знания» раскрыта в историко-философском контексте. Осмыслены особенность и содержание данной проблемы в современном мире. Автор в данной работе раскрыл своеобразие «предметного знания», отмеченное Шакаримом Кудайбердиевым.

B.K.Rakymzhanov

What is the subject sciences in Shakarym's world outlook?

Relation of kazakh scholar Shakarym Kudaiberdiev to science is analyzed in the article which is named. The essence of considering by scholar problem's «subject knowledge» is found out in historical-philosophical context. Pecularity and content of given problem is comprehended in modern world. The author is found out distinguishing feature of «subject knowledge» which was indicated by Shakarym Kudaiberdiev in given work.

ӘОЖ 130№ 3: 93 (= 943. 9)

Ә.С.Сағатова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: asem.sagatova@mail.ru)

Тарихи санадағы рухани ізденістер

Мақалада қазақ халқының ұлттық ерекшелігіне қатысты мәселелер зерделенді. Осы мәселе шеңберінде ұлттық дәстүр, халқымыздың рухани мұрасы, ұлттық рух және ұлттық сананың өзіндік ерекшеліктері жан-жақты талданды. Сондай-ақ қазақ халқының мыңжылдық тарихы бар даналығы ұлттық мұрат тұрғысынан зерделеніп, кең құлашты зерттеулерді қолға алғызғандығы мәселесі көтерілді. Сонымен бірге рухани құндылықтар ұлттық ерекшеліктерді сақтап қалу идеясына дейін көтерілді. Ұлттық рухты дәріптеу жолдары талданды. Себебі ұлттық сана мен сезімді ұлттық біртұтастылық анықтайды.

Кілтті сөздер: ұлттық рух, ұлттық сана, рухани құндылық, ұрпақтар тәрбиесі, ұлттық тарих, мәдениет, рухани болмыс, адамгершілік, дара тұлға, даналық мұра, ұлт мүддесі, руханият.

Ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, ата-баба дәстүрінен рухани құндылықтарды баянды етуде ұлттық рухты дәріптеу шарт. Бұл жерде ұлттық құндылықты айқындаушы фактор ретінде әрі оның өзектілігін айқындауда халқымыздың тыныс-тіршілігінің көзі ұлттық таным алыс замандар қойнауынан қайта жаңғыруда. Бұл өз кезегінде халқымыздың ұлттық негізінен бастау алатын басты факторлардың бірі екендігін әйгілей түседі.

Халқымыздың жүріп өткен күрделі де көпқырлы тарихын айқындайтын, қадір-қасиетін танытатын, сайып келгенде оның рухының өміршеңдігін негіздейтін — бұл ұлттық сана. Ел тарихында ұлттық болмысқа және санаға бағытталған құндылықтарды айқындау мен оларды сараптау — осы құндылықтардың көпшілікті шоғырландыра, рухтандыра, біріктіре алатындай күші мен әсер етуін жүзеге асыратын ұрпақтар сабақтастығының ықпалды да белсенді ролі қазіргі таңда биіктен көрінуде.

Бұл еліміздің сан ғасырлық тарихына, ұлтымыздың ұлы перзенттеріне, олардың асыл мұратына, ата-жұртымызға арналған мәңгілік ескерткіші іспеттес. Шын мәнінде, бүгінде мағынасы терең осынау тарихи мұралардың мән-мазмұнының тереңінен ашылуы тарихи әділдіктің салтанат құруын айғақтайды. Халқымыздың рухани мұралары ұрпақтар байланысын және уақыт үндестігін білдіреді. Бұл — ата-бабамыздың рухына тағзым етіп, жас ұрпақты ізгілікке, отан-сүйгіштікке бағыттайтын бағыт-бағдар. Міне, сондықтан да қазіргі өркениет «жедел» алға басқан сайын келер ұрпақ үшін оның маңызы зор демекпіз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың: «Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы – тарих толқынында өзінің ұлттық «Мен» дегізгерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр. Бірақ бұл мүмкіндік қана: ол шындыққа, қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет» [1], — деп атап өтуінде өмір ақиқаты бар екендігі байқалады.

Ұлттық тарих қойнауынан бастау алатын күнделікті өмір тынысы ата-баба және олардан қалған рухани мұраларға деген жауапкершілік арасындағы үзілмес байланыс өз маңызын жоймақ емес. Сондықтан да ұлт тарихымен байланысты ұлттық рухтың тұлғалық көріністерінде «үнемі дәстүрлілік үрдісі сабақтасады. Дәстүрлілік үрдісі ұлттық санада орнығады, ал ұлттық сана өзінің толық көрінісін ұлттық мәдениетте табады». Кез келген халықтардың мәдени орталарында олардың өзіндік «ұмтылыстары мен мақсаттары жүзеге асырылады. Мәдениеттің деңгейлері мен типтерінде ұлттық өзіндік сананың құндылықтары мен қасиеттері өлшенеді. Ұлттық мәдениет дәстүрлері, ұлттың еңбекке икемділігінен, қауымдастықтардың әдептері мен әдеттерінен, бірлесе өмір сүруінен, ата-баба рухына табынудан, бейіттерді, ескерткіштерді қастерлеуінен, ата-ана мен бала қарым-қатынасынан, жақсыға ұмтылуынан, бақыт пен әділеттілік үшін күресінен туындайды. Ұлттық мәдениет мәселесі күрделі әрі көп астарлы. Ұлттық мәдениет ұлтқа тән моральдық құндылықтарды, ұлттың рухани тәжірибесін жеткізуші фактор. Яғни, ұлттық мәдениет — ұлттық сана-сезім өзегі» [2].

Адамзат баласының бойына бітетін небір қасиеттер ең алдымен жеке тұлға — адам арқылы, соның рухани қасиеті, ішкі жан-дүниесі арқылы оның мәдениет деңгейін көрсетеді. Демек, адам мен мәдениет өзара тығыз байланыста дамып, жетіледі. Әркез мәдениет адамның рухани болмысы ретінде көрінетіндіктен, адам өз кезегінде мәдениеттің қайнар көзі іспеттес. Мәдениет адамзат баласының рухани қалыптасу, жетілу тарихы негізінде оларды өзара бір-бірінен ажырата қарастыруға болмайды. Жеке адамның даралығы, тұлғалығы оның бойына біткен қабілетіне байланысты анықталады. Адамның рухани болмысы, яғни мәдениетінің жетілуі адам өмірінің мәні болып табылады.

Мәдениет ол адам баласының жан дүниесінің тұңғыық түбінде жатқан болмыстық қасиетінің бастамасы ретінде танылады. Демек, адамның адамшылығын, азаматтығын, болмыстығын оның рухани шығармашылығынан, іс-әрекетінен, бір сөзбен айтқанда, мәдениетінен көреміз. Яғни адам болмысын оның мәдениеттілігінен, шығармашылық мүмкіндіктерінен, өнерінен, т.б. ерекше қабілеттерінен танып-білуге болады.

Ендеше, ерен қасиеттер бойына дарыған, рухани болмысының жоғары дәрежеде жетілуі – дара тұлғалардың мәдениеттілігінің айғағы.

Міне, дана тұлғалардың асқақ адамгершілік қасиеттерін, рухани болмыстары арқылы олардың мәдениетін көреміз. Яғни бұл ең алдымен өз басы өте жоғары дәрежелі мәдениет иелері болғандықтарын айғақтайды. Ой-өрісінің кендігі, рухани келбеті, жалпы өмірі терең адамгершілік мазмұнға ие, даналық мұрасы тәрбиелік мәні жағынан баға жетпес құнды дүние болып табылады. Бүгінде адамгершілікке, мәдениеттілікке, рухани өмірге қарай талпындыратын даналар шығармашылығы, даналық құндылықтар біздің болмыстық негізімізді жоғалтпауымызға ұмтылдырушы негізі құбылыс.

Жалпы дара тұлғалардың философиялық көзқарастарының қалыптасуына негіз болған, әсерін тигізген, яғни ұлылықтарына арқау, даналықтарына бастау болған, бұл — бабалар мұрасы. Ұлтты ұлт, халықты халық ететін, оның ежелгі әдеби-мәдени мұрасы екені баршаға аян. Ес жоқ ерте кезден жасап келе жатқан ауыз әдебиетінің негізі дүниетанымға айналған мәдениетте өз жетістігі бар.

Тарихтың керуен көшінде «сабақтастық» деген ұғым бар. Ғасырлар бойы ауызша тарап, рухани тұтас бір игілік дәстүрін жалғастырып келген, адамзат ұрпағының сонау ежелгі тіршілік болмысымен тікелей сабақтас түйсіну ерекшелігі қайнар бастау ретінде жұртшылық игілігіне айналдырылған. Ғасырдан ғасырға жалғасқан адамзаттық керемет қадір-қасиетке ие болған өшпес даналық үлгілерінің үрдісті даму жолында өткен кезеңдер игілігі ешқашан да ескерусіз қалмаған.

Халқының мың жылдық даналығын бойына сіңірген ұрпақтар жалғастығының рухани дәнекер ретіндегі ролі зор. Туған халқының басқа елдерді зерде мен зейін, қабілеттілігі арқасында таңқалдырып қана қоймай, еркін елде, азат қонысты өз тарихының жаңа бір кезеңіне бой сермеп, елінің бақытты болашағына сенген еді. Ұлт мүддесіне қатысты зерделі, саналы ой-пікірлерді ортаға салған ұлттың ұлағатты тұлғаларының іс-әрекеті, қызметі ұлттық танымға, рухани өмірге кең өріс әкелді. Халқымыздың азаматтық тарихы жаңаша байыпталған уақытта, ежелгі дәуірден күні бүгінге дейінгі кезең ұлттық мұрат тұрғысынан зерделеніп, кең құлашты зерттеулерді қолға алғызды.

Бірлігінен айрылмаған, ұлттық санасынан арылмаған елдің рухани тізгіні ендігі жерде көркем сөз билігіне көшкен еді. Ежелгі мұра ұлттың тұтастығын сақтауда оның рухына жол беріп, болашаққа бой сермеген, айрықша қуатты құбылыс ретінде өміршендігімен елдің көкірек көзін ашты. Ұлттық рухтың ауыр салмағы осы қайраткерлерге түскен еді. Өткен тарихтың руханият арналарын қайта көтеруде көне мұралардың деректану көзі ретінде мән атқаратындығы айдан анық. Себебі бұл руханияттар ата-бабаларымыздың қайратын, ерлігін, ұлттық рухымызды дәріптейтін танымдық тағылымдары болды. Қайраткерлердің тұлғалық қадір-қасиеттерін танытатын олардың көркемдік үлгі-өрнектер дәстүрі, қоғамдық ой-пікірлері, философиялық көзқарастары – барлығы да өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан. Тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тындырған ісіне қарасаңыз да дана тұлғасымен дараланып тұрады.

Даналық болмыс адамның өткен-кеткен өмірінің мәнісін, баянды болашақ жайлы мәңгілік ұғымдармен өзектес ой-толғаныстары, тұжырымдары арқылы әрбір дана тұлғаның шығармашылығында өз өрісін аша түскен. Туған жердің топырағын, күллі тіршілік-тынысын сезіну ғана, адам баласының өмірінің мән-мағынасын танып-түйсіну ғана дара тұлғаны даналықтың шырқау шыңына көтереді. Олардың көтерген мәселелерінің әрбір ой-қорытындыларында көрегендік, философиялық, терең астарлы ой салмағы жатады. Демек, олардың шын мәніндегі дүниетанушылық сыры да осыдан аңғарылады. Дара тұлға бір қалыптан шыққандай өз тегі, өз заманының ортақ ұлы ғана емес, ол қайталанбас дарынды дара тұлғасымен, ой және тіл шеберлігімен, ерекше қатынас көзқарасына өзі жасаған төлтумаларында өз қолтанбасын, өз ой нақышын қалдыра алатын адамдар ғана танылады.

Ұлы тұлғалар — адамдар, әр уақытта мемлекет пен мемлекетті, ел мен елді, жалпы бір өркениет пен екінші бір өркениетті өзара байланыстырушы дәнекері. Ұлы адам деген сөздің өзі адам баласының тіршілігінде, санасында айқындалған, ұғымы жағынан кең көлемді еншілейтін түсінік екені бәрімізге белгілі.

Адамзат баласына тән абзал қасиеттердің бәрінің де бастауы рухани мұраларға негізделеді. Кез келген жағдайды жан-тәнімен сезінетін иманды, мінезді қазақтың мәңгілік асыл рухы оның ұлт, мемлекет ретінде сақталып қалуының кепілі болды.

Мұның бәрі әр заманда қалыптасқан философиялық, қоғамдық, саяси және әлеуметтік көзқарастардың мән-мазмұнымен өз көріністерін айқындаған. Адамдық, азаматтық қасиеттердің болмыс-бітімі де осы ата-бабалар дәстүрінен жалғастық тапқан. Бүгінгі жас толқын, жаңа буын өкілдеріне іскерлік, дарындылықты ғана емес, сонымен қатар ұлтын сүйетін, болашақта халқына тұлға болуға лайық күш-қуат беретін ұлтымыздың рухы осылайша барлық жерде ұлттық өрісін кеңінен жайған еді. Рухани ізденіс әрі тарихи байланыс арқылы халқымыздың ғасырлар бойғы қалыптасқан тарихи тамырын танимыз. Әрине, танымдық ұғымы тың, ой-таным деңгейі биік тұлғалар әрқашанда озық ойшылдық қалпын танытады.

Логикалық таным жүйесі өмір тәжірибесінен қорытқан өзіндік ой түйіндеу ерекшелігі өрісінен көрінеді. Сонымен бірге ойдың логикалық дара мәнділік сипатын ой-толғамдық үлгілердегі диалектикалық толассыз тіршілік мазмұнынан тани аламыз. Адамзаттың рухани дүниесін жетілдіруде тарихи тағылым сабақтары, дала ақылмандарының өнегелік өрістері өзіндік роль атқарады.

Тарих тағылымын бүгінгі көзқарастар шеңберіне салсақ, данышпан қайраткерлер тағдыры ойлана білген жас ұрпақ үшін аса күрделі дүниетаным негіздері жатқандығы айғақ. Осы дәстүрлерден бастау алған, кейін кең арнаға түсіп дамыған алдыңғы қатарлы идеялар, халықтың азаттығын биікке көтерген, еркіндікті тәуелсіздік тұғыры еткен жарқын көріністер — халықтың түпкі түбегейлі арман-мүдделерін терең түсінуден туғаны анық.

Кез келген ұлттың философиялық ойының өмір сүру формаларын, оның философиялық ойының тарихи кезеңдерінен көре аламыз. Қазақ халқының даналық ойының дамуы біртұтас қалыпта көрініс береді. Себебі қазақ халқында философиялық ой шешендік сөздер, нақыл сөз, мақал-мәтел, аңыз-әңгімелер, поэзия арқылы беріледі. Көркем сөз зергерлері өмір құбылыстарын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды дүниетаным негізінде халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып, рухани өмірімен, арман-мүддесімен таныстыра білген. Бұлардың дені қоғамға, дүниеге, табиғат құбылыстарына, адам өміріне белгілі бір маңызды оқиғаға немесе өз басына деген көзқарасын білдіретін философиялық ой-толғаныстар, даналық ой тұжырымдар болып келеді.

Енді бір арнасы адам баласының бойында болатын небір асыл қасиеттер туралы ақыл-ой даналығы ұлы мұрат, ізгі мақсаттармен сабақтасып жатыр. Адам баласының рухани игілігіне айналған тау суындай тасқындаған сөз өнері мен арқалы поэзия сонау ерте дүние тарихынан бастау

алып, халық даналығының өзіндік дүниетанымының қазына-қайнарына айналған еді. Халық даналығы ұлттық болмыс пен бабалар дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырған рухани мұраларды өмірге әкелді. Ал өз кезегінде кез келген халықтың ерте уақыттан бергі қалыптасқан өмір салты, рухани мұралары — сол халықтың бастан өткерген ғұмыр жолының айғағы. Тек оны тани білер көз, түсіне білер көкірек керек. Мұның барлығы тарих қойнауында жатыр. Тарих тағылымы, тарих сабақтары деген осы. Міне, осы мәдени-рухани мұраның бүгінмен жалғасқан сабақтастығын зерделеу философия және оның тарихы, тарих, әдебиет және т.б. ғылымдардың үлесінде.

«Тарих өткен өмірді әңгіме еткенімен бүгінге және болашаққа қызмет етеді». Халық жадында сақталған асыл қазыналар, жасырын сырлар енді-енді ел игілігіне айналуға. Халқымыздың тарихы, түптеп келгенде, ел болу жолындағы күресінің тарихы. «...Қазақ тарих сынынан өткен халық... Қазақ елінің шалқайса тарих шыңы бар, еңкейсе иен елі бар. Қиянға шықса қасқая қарап тұрар сайын қыран ері бар, ұлан-байтақ қойны қазына жері бар» деп М.Қозыбаев айтқандай [3], XVII–XVIII ғасырларда өмір сүріп, ел тізгінін қолға алып, ұрпағына алымды да шалымды да сөз үлгісінің үрдісін салып берген, даналықтың, дарындылықтың ұранына айналған атақты үш биіміз — Төле, Қазыбек, Әйтекелер осындай тұлғалар еді. Бұл уақыт Қазақ хандығының түгелдей қалыптасып бекуімен қатар, сыртқы жаулардың жойқын шабуылдарының да мейлінше асқынып, тағдырының сынға түскен ауыр кезеңдерінде халқының рухын көтеріп, күш беруде ту ұстаған көсемге, сөз ұстаған шешеннің бағыт беріп, бағдар көрсетіп, тіл өнерінің ерекше мәнге ие болған кезеңі еді. Әр адам алдымен өзі ғұмыр кешіп жатқан уақытының жұрағаты демекші, дала данышпандары осы кезеңде мемлекет қайраткері деп орынды бағаланған еді.

Дүниені түсіне білу қатынасы қашан да уақыт, дәуір тынысы арқылы айқындалады. Табиғаттағы әр қилы әлеуметтік мәселелерде жеке тұлға заман талабынан ешқашан бейтарап қала алмайды, олардың шығармаларынан әрқашан да әлеуметтік, философиялық дәуір сарынын көреміз. Себебі адам әрқашан да бірегей заңдылық бойынша дамиды. Бұл орайда айтпағымыз, аумалы-төкпелі күрделі де қилы заманда ғұмыр кешкен, рухани таза болмысымен, даналығымен батырлық, шешендік өнердің шыңына көтерілген ақыл-ой алыптары жер тағдыры, ел тағдыры үшін жасаған қызметтері, сіңірген еңбектері. Осындай ата-бабаларымыздың өнегесін жалғастырушы тарихи-мәдени ұрпақтар сабақтастығы, сайып келгенде, біздің ұлттық мәдениетіміздің, баянды болашағын айқындауға барынша себін тигізері анық. Себебі әр халықтың дәстүрлі дүниетанымдық көзқарасына терең үңілу арқылы ғана сол халықтың талғам деңгейінің тереңдігін тануға болады.

Қазақ өз рухани дүниесінде мынау шексіз де шетсіз аспан әлемі мен жер бетін оймен бағдарлай танып, білуге ұмтылған. Бүкіл әлем арқылы өзін-өзі тануға, ұғынуға әрекеттенеді. Сондықтан да қазақ даналыққа, әсемдік пен көркемдікке, ізгілік пен ар-ұжданға мойын сұнған, олардың құдіретіне бас иген.

Демек, өмір өрісінің ақиқаттылығын ашумен байланысты, оның философиялық мәнде нағыз өмірмен өзектесіп жатқан дүние шындығының астарлы ауқымы мейлінше қомақты болмақ. Ұлы дала төсінің келбеті арқылы ұлттық болмыс, қадір-қасиет, дарын-қабілеті өрісін ашып, сөз өнерінің мән-мазмұнын «нұрландырып», дүниетаным тіршілігінің өзіндік ерекшелігін айқындаған. Жалпы рухани жан байлығы, терең ойшылдық, көкірек-көзімен сезіне білу қабілеті ұлттық ой, көркемдік сананың талай ғасырларға ұласар ұлан-ғайыр өрістерін көрсетіп берген. Бұдан мейлінше сезім әсерімен байытылған, шабыттанған рухани ізденістер, өмір тәжірибесін аңғаруға болады. Мұнда ең алдымен қиялмен, көкірек көзімен сезе білетін де, дүние сырын қисынына қарай тереңінен зерделей отырып, ақыл таразысымен саралайтын, ой жүгіртіп, қорытындылайтын сұңғыла көңіл қажеттігі өзінен-өзі көрінісін береді.

Андау, аңғару түріндегі ойлау машығы таным әрекетінің өзіндік бір ерекшелігі ретінде дүние құбылысын бар болмысымен қисынды да дәлелді сөзбен өрілтіп, рухтандырып өзіндік көзқарасты қалыптастырған сияқты.

Демек, абыз-данагөйлеріміз бен ділмәр сөздің көсемі, әрі батыр, әрі би атағы алты алашқа тараған атақты би-шешендеріміздің ақыл-парасатын ел билігіне жаратып отыру үрдісі ертеден қалыптасқан. Бұл жерде әсіресе көкірек көзімен сезе білетін, әр ойын ақыл таразысына салып, ой толғаммен шешетін сұңғыла көңіл, рухани байлық қана өз кезегінде парасатты ақылмен, логикалық жолмен ойлау жүйесін қалыптастыруға негіз қалай алса керек. Ұлы философ әл-Фарабидің мына бір даналық ойы осыған қатысты айтылғандай әсер қалдырады: «Сөзге тапқырлық - жақсы адамшылық қасиет ... Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы адам өзіне өзі игі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуымен ғана туады» [4]. Изгілік, кішіпейілділіктің адам болмысынан көрген

тәлімі, білімі арқылы егілетін қасиеттер, шын биіктік, жан дүниесінің байлығы, парасаттылық деген осы болады. «Оқыған білмейді, тоқыған біледі» дейді халқымыз. Данагөй тұлғалар текті де мінезге бай, адамгершілігі мол, адамшылығы зор, бір сөзбен айтқанда, даналық қасиетті дарытуда, дана ретінде танылуында туып өскен ортасының әсерімен қатар, оның өзі, ақыл-зеректігі, түсінігі ең бастысы, ар-ұяты басты орында тұрады. Дананың өмірден түйген тәжірибесі әр алуан, сан салалы. Яғни тіршіліктегі әрбір оқиға адам өмірінде сараланып, дараланып, қорытындыланып, тәжірибе болып қалыптасады. Дана адамдар осы қазынаны өзгелерге таратады, халық игілігіне асырады. Даналықтың сан салалы қыруар сырын, сөз сиқырын меңгерудің өзі құдірет, рухының биіктігі. Мұның барлығы сайып келгенде ертеңгі мұрагер ұрпақтардың тәлім-тәрбиесі, ар-ұждан, ақыл-қайрат, білім-білік тәрізді абзал қасиеттерге негізделген саналы тіршілігімен тығыз байланыста қарастырылған. Егер де арман-мұрат ізгі болса, биік кемел қуатында көрініс тапса, онда ол жарық көріп, халықтың игілігіне айналады.

Яғни бұл табиғи заңдылық. Ұлттық рухтың өміршеңдігін тарих өз алдына ертеден танытып берген. Сол тарихты зерттеп, талдау жасау арқылы ғана өз уақытындағы ірі-ірі тарихи тұлғалар халықтың дұрыс бағасын алады. «Тарихқа деген шын мәніндегі объективті, диалектикалық және ғылыми көзқарас тарих дамуына ықпал еткен жеке тұлғаларға да шын баға беру деген сөз» [5]. Ұлт ұғымы — ұланымен ұлы. Бұл даналық ойдың одан әрі жалғасы — бұл ер мен елдің жарасымдылығы, үндестігі, үйлесімділігін танытады.

Ә.Кекілбаев айтпақтай, даналық қасиет — «саф алтындай ілуде бір кездесетін сирек талант, ...ел-ананың сан жылдап сарғая күтіп жүріп табатын сағынышты перзенті». Сондықтан да, қазақ даналығының Сарыарқадай шалқар сахарасында Алатаудай Асан қайғыдан бергі көл-көсір жазықта көзге ілігер, көңіл шүйлігер қарауыл биіктер қадау-қадау. Солардың ішінде хан төбедей көкпен тайталасқан қайсар, қай жағынан қарасаң да қапысын тапқызбай тәкаппар биіктердің бірі — Қаз дауысты Қазыбек би [6].

Бейнесі жоғары, рухы биік тұлғалардың басты қасиеттерінің бірі — батырлықтарының дәлелі. Бабаларымыздың осы бір елден ерек, көптен бөлек болмыстарын ғұлама М.Әуезовтың батыр болып қалыптасуды алмасты шыңдаумен теңеген мына бір философиялық толғауымен салыстыру орынды болмақ. «Жалыннан шыға су жұтып, судан шыға жалын құшып, көк болат шымырлап алмас болады. Әуел шыққан сәтінде оның өткір өктем жүзінде көкшіл-қошқыл даты бар, ыстық суық тегінің, ыстық суық майдан үшін берген салқын қайрат лебі сол. Сарапқа түсіп, сын кеше жүріп, қаттыны тіліп, қолыңды жарып, толқымай өтіп барып, бір замандарда жарқырап жүзі, жалтырап алмас бойы ашылады. Айдыны басқа ақ алмас сонда анық аңғарылады» [7]. Мінеки, ұлы дана билік пен батырлық үндестігін осылайша іске асырған екен. Дара тұлғалардың дүлдүл шешендіктері, батырлықтары, парасаттылықтары бүкіл қазақ еліне жайылған. Ол туралы халық жадында сақталған естелік мол. Оған дәлел Шоқан Уәлиханов еңбегінде Абылай айтыпты деген құрметпен баға беру сол естеліктермен ұштасып жатқанын көреміз. Халық өз ұландарының ел ішіндегі дауларда айтқан төрелігімен қатар сырт жаулардан ел есесін қайтарған мезеттеріне ерекше көңіл қоюы мейлінше орынды. Қандай әңгіменің түп негізінде қуатты шындық жататыны бәрімізге белгілі. Демек, бұл ең мәнді, неғұрлым сенімді әңгімелер ретінде замана, оқиғалар шындығын толығымен аңдап түсінуге көмектесе алады. Бұл аңыз-әңгімелердің тарихи да, мәдени де мәні мол. Олар өз тарапынан XVIII ғасырдағы жаугершілік кездің шындығын толығырақ, тереңірек тануға көмектеседі. Тарихи жазбаша деректер ауқымынан онша алыс кетпейтін, мұндай әңгіме-аңыздар белгілі бір оқиғалардың, адамдардың нағыз келбетін білуге жәрдемдесе алатын құнды естелік орнына жүреді. Аңыздар сол замандағы көрнекті адамдардың іс-әрекетін мінездейтін, ел аузында біреуден екіншіге көшіп, қорытылып, өңделіп жеткен сөздер, ...халық естелігі ретінде аса бағалы [8; 55,56]. ...Ендеше бұл мағлұматтар аталған батырлардың документке түспеген, бірақ шындықты танытарлық сипаттамасы бола алатыны күмәнсіз [8; 59].

Салыстырмалы деректану әдісі негізінде сарапталған фольклорлық мәліметтер жалпы таным аясын толықтыра түседі. Кезінде Е.Бекмаханұлы да өз зерттеулерінде осы мәселеге көңіл аударып, жыр-аңыздарды тарихи деректермен салыстыра отырып, тиімді пайдалану қажеттігіне назар аударған еді [9]. Себебі өзара салыстыру барысында жазба деректер мен ел аузында сақталған ауызекі мәліметтердің бір-біріне сай келе бермеуін, немесе кей жерін тым әсерлеп көрсету сияқты т.б. жағдайлар фольклорға тән заңды құбылыс ретінде тани отырып, еліміздің тарихын зерттеуде мол мағлұмат көзі болып табылатын халық ауыз әдебиеті үлгілерін тиімді пайдалану маңыздылығына назар аударған жөн. Қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов ауыз әдебиетін тек көркемдік әлемі ғана

емес, халық тарихын түсінудің де сенімді құралы деп қараған [10]. Демек, аңыздар — халық тарихы мен таным түсінігінен мол хабар беретін халықтық мұра. Қорыта келгенде байқағанымыз, аңыздар белгілі бір оқиғаға негізделеді, бірақ сол оқиғаны фольклорлық дәстүрлі үлгілермен көркемдеп, өзгертіп, жаңадан мазмұн енгізіп өрнектейді. Тарихи тұлғалар мен атақты батырлардың өмірін, іс-әрекетін аса дәріптеп көрсететін этикалық шығармалар секілді аңыздар кейіпкер бейнесін сомдауда романтикалық дәріптеу, күрделі көркем жинақтауды кеңінен қолданады. Бұл жөнінде С.Қасқабасов былай деп жазады: «Аңызда айтылатын хабар, оқиға еш күмән туғызбайды, өйткені оның түп негізі — тарихи шындық. Бұл біріншіден. Екіншіден, аңыздың мазмұнын растайтын дерек ретінде жердің аты, белгілі қайраткерлердің есімі, я болмаса жыл мезгілі аталып отырады. Үшіншіден, аңыздың айтылу мәнері тұрақтанған, ол ылғи үшінші жақтан және өткен шақта баяндалады. Аңыздың түпкі мазмұны өмірдің танылған бір фактісі болып келеді» [11]. Бұл жалпы тарих тұғырынан орын алған дара тұлғалар туралы аңыз әңгімелердің бәріне де қатысты болмақ.

Қазақ елі ерте дүние тарихынан бастап-ақ өзіндік табиғи даму жолында қалыптасқан құндылықтары мен өзіндік мәдени өркениет жетістіктерінің тұтастығын сабақтастыра дамытқан көшпелі халық. Ұлттық мәдениетіміз тарихи дамудың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық бейнелер болмысының қадір-қасиеті жүйелерін бір-бірімен байланыстырушы дәнекері болып келеді. Қазақ өз болмысына тән руханилық пен дүниетанымды өмірге әкелді. Бұл қазақ менталитетіне тән қасиет, яғни дүниені танудың қазақи формасы, дүниені өзінше қабылдау ерекшелігі. Бұл өз кезегінде ұлттық рух және ұлттық сана көрінісі. Оның «тәрбиешісі және дәнекері» — тарихи тағылым. Өзіндік ерекшелік ұлт болып қалыптасқан уақыттан бастап-ақ халқымызға тән ұлттық қасиет ерекшеліктерімен бірге жетілген ақыл-парасат, ой-толғам, сезім-күйлермен қатар жасап келеді.

Атамыз қазақ қай заман, қай кезде де өсер ұрпақтың қамын бір сәтке де есінен шығармаса керек. Бұған дәлел бабаларымыздың жас ұрпаққа ерте кездің өзінде аңыз, ертегі, қисса, небір ғажайып жырларды да жаттатқан. Осылайша дана халықтың дана философиясы мен әлеуметтік-этикалық ой-санасын бойға сіңіріп, рухани жағынан жетілуіне ықпал жасаған. Осының негізінде қазақ баласы өмір сүруге, дүниені танып-түсінуге қабілеті ертеден қалыптасса керек. Қазақтың халық өлеңдерін, ертегісін, батырлар жырын зердесіне жастайынан сіңіре білсе керек. Оны бесік жырынан бастап үлкен даналық жолына дейін рухани демеген ең алғашқы қайнар бастауы болған, өзіндік дүниетанымын қалыптастырған — далалық ауызша тарихнамасы, халықтық мұра — ауыз әдебиеті. Оның бастау-бұлағы болған — халық мұңын, қуанышы мен қайғысын, болашаққа үмітін, арман-мұратын жеткізген, ана сүтімен ең аяулы ізгілік қасиеттерін бойына дарытар туған топырақ, туған жер туралы аңыздармен астасып, шендесіп жатқан тарихи тағдырлар мен оқиғалардың шындығы. Ендеше тұлғалы бидің бала кезінен нәр алып, сусындаған ауыз әдебиетіне тән шығармалардың қай-қайсысы болмасын оның болашақ тағдырына негіздеуге жол салған. Бұның барлығы тұлғаның тарихи келбетін, тектіліктің, болашақта ел басқарып, билік айтқан көсем, туған жері, елі үшін ата жауға қарсы шыққан батыр, кемел ой толғап, кемеңгер ой түйген би әрі шешен болып қалыптасуда даналықтарына арқау болған дүниелер. Демек, жас кезінен өнер бұлағы болған — ауыз әдебиетінен нәр алуы әбден табиғи құбылыс.

М.Әуезов айтпақтай, «қазақ халқының есте жоқ ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы, халықтың ауызша әдебиет қорынан көп нәр алып», сол арқылы құйма құлақ көреген көкіректің арқасында даналық, шешендік қасиеттері қалыптасса керек. Халық даналығын жасаған бесік жыры мен есепсіз мол ертегіден бастап қаһармандық, іңкәрлік эпостары табиғаттан тасқынды талантымен ұштасып жатыр. Даналық — халық мұрасы деген осы болады. Халық философиясы даналыққа негізделген. Тарихта дана адамдардың қай-қайсысы болсын — сөзі мен ісінде, адамшылығы мен өмір салтында алшақтық болмаған тұтас, кесек тұлғалар. Олар өздерінің болмыс-бітімімен, шама-шарқын, парызы мен борышын абайлап, бар өмірін, дарынын, күш-жігерін сол азаматтық борышын ақтауға жұмсаған. Сонымен, даналықтың шыңына жеткен текті де рухы биік тұлғаларымыздың философиялық көзқарастарының қалыптасып жетілуіне зор ықпал жасаған, ең алдымен о бойына біткен дара қасиеттер. Даналық — адамның сөзі, ісі, оның бүткіл болмыс-бітімімен көрінеді. Демек, даналық — тұлғаның сөзі мен ісінің үндестігі, жарасымдылығы. Алға қойылатын мақсаты — ұлт мүддесі, ұлтының жанын ұғынып, рухын асқақтату. Даму тарихымыздың өрісіне тереңінен бой алған рух түсінігін ұрпақтарына табыстыра білген тұлғалардың тарихи келбеттері болашаққа жол сілтер бағыт екендігі анық.

Адам жан дүниесін, мінез-құлқын бір көргеннен-ақ тап баса танитын, кәнігі психолог қасиеттері тағы бар. Яғни әр сөздің жүректен шығып, жүрекке жетіп отыруын көздеген. Жоқ-жітіктің, әлдіден

зәбір көрген әлсіздің жоғын жоқтап, ел мүддесін көздеген, өзінен кейінгі көзінде оты, көкірегінде сәулесі бар, талапты жастарға батасын беріп, өмір бойы жинақталған тәлім-тәрбиесін, ұлағат сөздерін құлақтарына құюдан жалықпаған. Бұл бабаларымыздың бойына біткен дара қасиеттердің жиынтығы іспеттес асқан тәрбиеші болған даналықтарының бір көрінісі болып табылады. Бұның бәрінен біз жылдар тәжірибесі дарытқан даналықты көреміз. Өнегелік, ұстаздық ұлағаты ұшан теңіз ой сарабы оның даналығының көрінісі. Тек сөзімен ғана емес, адамдар мұраты үшін тындырған ісіне қарасаңыз да дана өзіндік тұлғасымен дараланып тұрады.

Мұның айғағы ретінде көшпелілер әлеміндегі ұлы тұлғалар табиғатының адамдарға жақындығы — логикалық ой желісіндегі жан әлемін тербетіп өткен негізгі басты идеялық тебіреністерін, тағылымды өнегесін, ұлы мұраларының мәңгілік бағдарлама болып тұратындығы. Олардың барша болмысы, бүкіл өмірін бағыштаған түпкілікті мақсаттары, арман-мұраты — адамзат болашағы, ұрпақтарының келешегі, елдігі, мемлекеттілігі.

Ұлы адамдардың дүниеге келуі де, дүниеден өтуі де тарихи құбылыс. Олар біздің ұлттық шежіремізде ғана емес, бүкіл адамзаттың ақыл-ой жадында қалды. Қадым заманнан бергі есімдері есте қалған, ел аузында жүрген ірі тұлғалардың тағдыры ерлік пен елдіктің шырағы болды. Егемендік бізге аспаннан түскен жоқ. Аталар дәстүрі жасаған рухы күшті мұраларды, тәуелсіздікті білдіретін ұлы тұлғалар сайын Даланың ел бостандығын мұрат тұтқан.

References

- 1 *Nazarbayev N.A.* In the flow of history. — Almaty: Atamura, 1999. — P. 3.
- 2 From Kazakh nationality to Kazakh people: Collective monograph. — Almaty: Atamura, 2010. — P. 62.
- 3 *Kozybayev M.* World-wide meeting of Kazakh people. — Almaty: Sanat, 1993. — P. 42.
- 4 *Al-Farabi.* Socio-ethical treatise. — Almaty: Gylym, 1975. — P. 11,12.
- 5 *Rysbekov T.* History of native state. — Oral: Sanat, 1997. — P. 11.
- 6 *Kekilbayev A.* The Dialogue with epoch: thoughts and discussions. — Almaty: Zhazushy, 1996. — P. 295.
- 7 *Auezov M.* Collection of works in 20 volumes. — Almaty: Zhazushy, 1984. — Vol. 15. — P. 60.
- 8 History of Kazakh folklore: pre-revolutionary period / Editor-in-chief R. Berdybayev. — Almaty: Gylym, 1988. — 432 p.
- 9 *Bekmakhanov E.* Kazakhstan in 20–30 years of XIX century. — Almaty: Sanat, 1994. — P. 37–39.
- 10 *Berdybayev R.* Clear spring: articles and researches. — Almaty: Zhazushy, 1989. — P. 76.
- 11 *Kaskabasov S.* Kazakh national prose. — Almaty: Gylym, 1984. — P. 121.

A.S.Sagatova

Духовные поиски в историческом сознании

В статье осмыслены вопросы, касающиеся национальных особенностей казахского народа. В рамках этих вопросов с различных сторон исследованы народные традиции, духовное наследие, национальный дух и особенности национального сознания. Показано, что вековая мудрость народа стала в настоящее время основой глобальных исследований; вместе с тем духовные ценности возвышаются до идей сохранения национальных особенностей. Автором исследованы пути возвышения национального духа, подчеркнуто, что национальное сознание и чувства определяют национальное единство.

A.S.Sagatova

Spiritual searches in historical conscious

The given article examines problems in accordance with native peculiarities of Kazakh nation. Within the frameworks of these issues folk traditions, native spirit of nation, native spirit and the unique peculiarities of consciousness are researched from different sides. It raises the problem of the origin of wide research lasted from century to century in present times. The idea to praise spiritual values that kept national peculiarities is spoken. Ways of enriching national spirit are discussed. National consciousness and feeling define national unity.

Т.Р.Ханнанова

Башкирский государственный аграрный университет, Уфа, Россия (E-mail: p_soloschenk@mail.ru)

Деловая репутация работника как фактор модернизации Российской Федерации: философско-правовые аспекты

В статье показана необходимость модернизации социально-экономического развития России. Определено, что важнейшим инструментом модернизации является деловая репутация работника. Рассмотрены системные средства обеспечения формирования и развития деловой репутации человека в России в современных условиях. Автором аргументирован тезис о возрастании роли человеческого капитала как основного фактора экономического развития государства.

Ключевые слова: работник, работа, труд, человеческий капитал, конкурентоспособность человека, репутация, система управления, экономика страны, государство и общество.

Современный этап развития России характеризуется переходом к инновационному социально-ориентированному типу развития, который предполагает возрастание роли человеческого капитала как основного фактора экономического развития. Программные документы государства значительное внимание уделяют развитию человеческого капитала России, справедливо придавая ему ведущее значение среди факторов, способствующих достижению стратегической цели государства и общества — улучшению качества жизни населения. Решение целого комплекса задач модернизационного развития предусматривает системные преобразования человеческого потенциала, направленные на развитие конкурентоспособности человеческого капитала и рабочей силы.

Решение задачи развития конкурентоспособности человеческого капитала предполагает совершенствование всех его составляющих (элементов). В научной литературе не сложилось единого мнения о том, что есть человеческий капитал и какова его структура, какие элементы объективно должны включаться в состав человеческого капитала, и как они соотносятся, взаимодействуют друг с другом, какое взаимное влияние они оказывают, в совокупности входя в состав человеческого капитала. Разрешение этой проблемы имеет большое теоретическое и практическое значение. Не зная истинную структуру и содержание человеческого капитала, невозможно качественно управлять им и в полной мере использовать возможности всех его составляющих в целях эффективного и устойчивого развития страны.

К сожалению, величина человеческого капитала, в том числе и человеческого капитала работников, не включена в число индикаторов социально-экономического развития хозяйствующих субъектов, муниципальных образований, субъектов РФ и в целом государства. При этом названный индикатор несет важную информационную нагрузку. Сведения о величине, параметрах этого индикатора — необходимая составляющая для принятия управленческих решений на всех уровнях, справедливой оценки бизнеса и достойной оплаты труда работников. В частности, переход с 1 января 2009 г. на новую систему оплаты труда работников бюджетной сферы также выдвигает пока нерешенную проблему увязки качества труда с адекватностью размера стимулирующих выплат за него. Каждая организация разрабатывает свои индикаторы и шкалы оплаты труда, чаще всего не учитывающие комплексный подход к оценке деловой репутации работников, которые, в конечном счете, не всегда получают справедливую оценку своего труда из-за субъективизма работодателей. Работодатель же должен принимать решения о величине стимулирующей выплаты работнику, основываясь не только на своем субъективном мнении, но и на оценке человеческого капитала данного работника с учетом его деловой репутации.

Обратимся к некоторым сложившимся, получившим признание в социальных науках взглядам на человеческий капитал. Этот термин стал использоваться отечественными учеными в конце XX в. и все более активно применяется в современных исследованиях. Так, Б.Генкин определяет человеческий капитал как совокупность качеств, определяющих производительность и могущих стать источниками дохода для человека, семьи, предприятия и общества [1;52]. В.Щетинин полагает, что человеческий капитал — это имеющийся у каждого человека запас знаний, способностей и мотиваций [2;42]. М.Колосницына [3;88] и А.Мазин [4;196] сводят это понятие к воплощенной в человеке способности приносить доход. А.Щербаков полагает, что человеческий капитал — это уровень квалифи-

кации работника, включая его образование, опыт работы, врожденные способности и талант [5;305]. Я.Фитценц рассматривает человеческий капитал как комбинацию трех факторов: 1) качеств, которые человек привносит в свою работу; 2) способности человека учиться; 3) побуждение человека делиться информацией и знаниями [6;14]. Б.Корнейчук определяет понятие человеческого капитала как систему личностных качеств работника, воздействующих на его продуктивность, т.е. способность создавать полезные продукты (блага) [7;121].

Представленные выше точки зрения показывают, что единства на понимание человеческого капитала и его составляющих во взглядах ученых не наблюдается. Однако при этом в большинстве исследований данного вопроса, к сожалению, исходят из посылки о том, что человеческий капитал содержит определенное ограниченное количество структурных элементов (качеств человека; его знаний; способностей и мотиваций; способностей приносить доход; создавать полезные блага; уровня квалификации; образования; здоровья; опыта работы; таланта; врожденных способностей; побуждений и мн. др.).

На наш взгляд, человеческий капитал — явление гораздо более многогранное, чем это представляется в имеющихся научных публикациях; настолько многогранное, насколько многогранен сам человек как его носитель, воспроизводитель, источник. Человек — вот объективная основа многогранности человеческого капитала и полиструктурности его строения, а полиструктурное, сложное строение и содержание человеческого капитала предопределяют, в свою очередь, его многомерность.

Каждый новый этап социально-экономического развития страны, особенности ее места, роли и значения в глобализирующейся экономике, объективные процессы информатизации, нарастающие экономический и экологический кризисы, национальные, культурные, демографические, миграционные, природные, географические и многие другие факторы в каждый конкретный момент времени позволяют выявлять новые, ранее не обращавшие на себя внимания составные элементы человеческого капитала.

Следует отметить, что роль человеческого капитала особенно возрастает в период кризисов, в частности, в условиях современного мирового кризиса. Причем возрастание значимости человеческого капитала в сложных ситуациях происходит на всех уровнях, особенно на уровнях государственного, муниципального и корпоративного топ-менеджмента, который в целях выхода из кризисной ситуации и сохранения управляемости социально-экономическими и бизнес-процессами вынужден принимать нестандартные инновационные решения, брать на себя повышенную ответственность за результаты принимаемых решений, а порой переходить на «ручное» управление экономикой и социальной сферой. В свою очередь кризис предъявляет повышенные требования к знаниям, умениям, навыкам, профессиональным и личностным качествам, мотивационным характеристикам участников кризисных процессов, а именно к их человеческому капиталу. В ситуации нестабильности, массовых сокращений рабочих мест, возрастания напряженности на рынке труда от качества, величины и конкурентоспособности человеческого капитала зависит очень многое, прежде всего будущее каждого работника, семьи, коллективов и государства в целом.

Особое значение в этих условиях принадлежит деловой репутации работника — как одному из элементов человеческого капитала. Понятие деловой репутации работника — новое в практике научного общения, но всегда существовавшее фактически в процессе труда. Под деловой репутацией работника понимается мнение работодателя, трудового коллектива работника, других заинтересованных лиц или экспертов о профессионально важных и личностных качествах работника, врожденных или приобретенных в процессе учебы и работы, базирующееся на научно обоснованных и нормативно признанных методиках.

Повышение конкурентоспособности человеческого капитала является одним из путей модернизации социально-экономического развития России и основой перехода нашей страны на инновационный путь развития.

